| 9. | БҚО | 78 | 172 | 72 | 11 | 25 | 6 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 10. | Қарағанды облысы | 109 | 186 | 54 | 41 | 31 | 12 | 8 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 11. | Қостанай облысы | 74 | 190 | 25 | 25 | 29 | 15 | 1 | 5 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 12. | Қызылорда облысы | 65 | 148 | 31 | 12 | 16 | 8 | 3 | 4 | 0 | 1 | 0 | 0 |
| 13. | Маңғыстау облысы | 64 | 94 | 52 | 21 | 19 | 10 | 5 | 1 | 3 | 0 | 0 | 2 |
| 14. | Павлодар облысы | 60 | 230 | 77 | 12 | 29 | 14 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 |
| 15. | СҚО | 85 | 94 | 43 | 20 | 27 | 7 | 3 | 3 | 1 | 1 | 1 | 0 |
| 16. | Түркістан облысы | 36 | 72 | 9 | 7 | 10 | 3 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 17. | Шымкент қаласы | 71 | 82 | 65 | 19 | 15 | 6 | 14 | 5 | 3 | 0 | 0 | 0 |
| Жиыны | | 1726 | 2929 | 1317 | 433 | 692 | 309 | 57 | 74 | 43 | 3 | 2 | 3 |

Күшін жою санының аз болуы бірінші сатыдағы соттар қабылдаған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін көрсетеді.

Төменде облыстық соттар жіберген мәліметтері бар жиынтық кесте берілген.

2. Оңалту рәсімін қолдану туралы өтініштер (225-баған)

Осы санатқа оңалту туралы өтініштер және кредиторлар талаптарының тізілімі бойынша істер енгізілген.

2020 жылдың талданатын кезеңінде экономикалық соттарға 461 іс және өтініш келіп түсті, бұл республика соттарына келіп түскен істер мен материалдардың жалпы санының 0,05% -ын құрайды (838 958).

Есепті кезеңнің басына келіп түскен өтініштердің қалғанын ескере отырып (9), қабылдаудан бас тартылғаны – 11, қайтарылғаны – 166.

Барлығы іс жүргізумен аяқталғаны – 256 іс, оның ішінде шешім шығарумен – 137 (*қанағаттандырылғаны – 84, бас тартылғаны – 53*), іс жүргізу тоқтатылғаны – 15 (*талап қоюдан бас тартылғаны – 1, медиация – 1*), қараусыз қалдырылғаны – 104.

2021 жылы 427 өтініш және іс келіп түсті (бұл 2020 жылмен салыстырғанда 7,4%-ға аз), оның ішінде өтініштердің қалғанын ескере отырып (10), қабылдаудан бас тартылғаны – 8, қайтарылғаны – 138. Соттарға келіп түскен істер мен материалдардың жалпы санынан (705 833) осы санаттағы өтініштер саны 0,06% -ды құрады.

Көрсетілген санат бойынша барлығы 277 іс жүргізілді, оның ішінде шешім шығарумен – 175 (*қанағаттандырылғаны – 114, бас тартылғаны – 61*), іс жүргізумен тоқтатылғаны – 16 (*талап қоюдан бас тарту – 1*), қараусыз қалдырылғаны – 85.

2022 жылдың 6 айы ішінде соттарға 210 өтініш келіп түсті (*бұл 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,4% - ға аз (213) және 2021 жылдың 6 айымен салыстырғанда 14,3%-ға көп (180)*), оның ішінде өтініштердің қалғанын ескере отырып (4), қабылдаудан бас тартылғаны – 4, қайтарылғаны – 66.

Іс жүргізумен 140 іс аяқталды, оның ішінде шешім шығарумен аяқталғаны - 95 (*қанағаттандырылғаны - 63, бас тартылғаны – 32*), іс жүргізу тоқтатылғаны - 3 (*талап қоюдан бас тартылғаны – 1, медиация – 1*), қараусыз қалдырылғаны - 42.

Осылайша, статистика 2021 жылдан бастап осы санаттағы өтініштер түсуінің шамалы төмендегенін көрсетеді. Бұл ретте, өтінішті қанағаттандыру туралы шешім шығарумен қаралған істер саны 26,3%-ға ұлғайды.

Өңірлер бойынша статистика мынадай:

| № | Атауы | Есептік кезеңде түскен істер мен арыздар | | | Іс жүргізу тоқтатылды | | | Қараусыз қалдырылды | | | Барлық аяқталған істер саны | | |
|--------------|------------------|--|------------|-------------|-----------------------|-----------|-------------|---------------------|-----------|-------------|-----------------------------|------------|-------------|
| | | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай |
| 1. | Ақмола облысы | 9 | 11 | 4 | 0 | 1 | 0 | 6 | 1 | 2 | 9 | 4 | 3 |
| 2. | Астана қаласы | 14 | 59 | 29 | 0 | 1 | 0 | 6 | 14 | 9 | 9 | 26 | 15 |
| 3. | Ақтөбе облысы | 30 | 21 | 6 | 5 | 8 | 0 | 3 | 1 | 0 | 16 | 18 | 3 |
| 4. | Алматы қаласы | 67 | 47 | 28 | 0 | 1 | 0 | 16 | 12 | 4 | 25 | 28 | 15 |
| 5. | Алматы облысы | 22 | 29 | 7 | 0 | 0 | 0 | 8 | 3 | 3 | 16 | 18 | 8 |
| 6. | Атырау облысы | 11 | 7 | 3 | 0 | 1 | 1 | 3 | 0 | 1 | 5 | 5 | 3 |
| 7. | ШҚО | 38 | 33 | 15 | 0 | 0 | 0 | 15 | 18 | 4 | 28 | 29 | 10 |
| 8. | Жамбыл облысы | 6 | 7 | 6 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 5 | 6 | 4 |
| 9. | БҚО | 42 | 18 | 20 | 0 | 0 | 0 | 6 | 2 | 4 | 25 | 13 | 17 |
| 10. | Қарағанды облысы | 37 | 35 | 7 | 6 | 1 | 0 | 6 | 2 | 2 | 23 | 21 | 5 |
| 11. | Қостанай облысы | 42 | 37 | 7 | 0 | 0 | 0 | 14 | 9 | 1 | 22 | 23 | 4 |
| 12. | Қызылорда облысы | 74 | 42 | 18 | 3 | 1 | 0 | 9 | 14 | 3 | 34 | 32 | 12 |
| 13. | Маңғыстау облысы | 8 | 25 | 19 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 4 | 7 | 19 | 17 |
| 14. | Павлодар облысы | 5 | 6 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 | 4 | 0 |
| 15. | СҚО | 18 | 6 | 5 | 0 | 0 | 0 | 6 | 2 | 0 | 11 | 4 | 5 |
| 16. | Түркістан облысы | 9 | 8 | 6 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 | 2 | 3 | 9 | 5 |
| 17. | Шымкент қаласы | 29 | 36 | 29 | 0 | 1 | 2 | 6 | 5 | 2 | 16 | 18 | 14 |
| Жиыны | | 461 | 427 | 210 | 15 | 16 | 3 | 104 | 85 | 42 | 256 | 277 | 140 |

Шешімдерге апелляциялық сатыға шағымдану

2020 жылы апелляциялық тәртіппен 75 іс қаралды, оның ішінде күші жойылғаны - 6 шешім (8%), өзгертілгені – 0. Кассациялық тәртіппен күші жойылғаны - 1.

2021 жылы апелляциялық тәртіппен 79 іс қаралды (бұл 2020 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға артық), оның күші жойылғаны - 8 (10,1%), өзгертілгені - 0. Кассациялық тәртіппен күші жойылғаны - 0.

2022 жылдың 6 айында апелляциялық тәртіппен 46 іс қаралды (2020 жылдың 6 айында да осындай көрсеткіш (46) және 2021 жылдың 6 айынан (41) 10,9%-ға артық). Қаралған сот актілерінің күші жойылғаны – 12 (26%), өзгертілгені – 0. Кассациялық тәртіппен күші жойылғаны - 2.

| № | Атауы | Шешім шығарыла отырып қаралған | | | Оның ішінде | | | | | | Апелляциялық саты | | | | | |
|-----|------------------|--------------------------------|------------|-------------|-----------------------------------|------------|-------------|------------------------|-----------|-------------|-------------------|----------|-------------|------------|----------|-------------|
| | | | | | Талап қою қанағаттандырыла отырып | | | Талап қоюдан бас тарту | | | күшін жойды | | | өзгертілді | | |
| | | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. 6 ай |
| 1. | Ақмола облысы | 3 | 2 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2. | Астана қаласы | 3 | 11 | 6 | 1 | 4 | 3 | 2 | 7 | 3 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 |
| 3. | Ақтөбе облысы | 8 | 9 | 3 | 1 | 0 | 2 | 7 | 9 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4. | Алматы қаласы | 9 | 15 | 11 | 4 | 5 | 6 | 5 | 10 | 5 | 1 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 |
| 5. | Алматы облысы | 8 | 15 | 5 | 8 | 10 | 1 | 0 | 5 | 4 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 | 0 |
| 6. | Атырау облысы | 2 | 4 | 1 | 0 | 2 | 0 | 2 | 2 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 7. | ШҚО | 13 | 11 | 6 | 5 | 7 | 5 | 8 | 4 | 1 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 8. | Жамбыл облысы | 5 | 6 | 3 | 5 | 6 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 9. | БҚО | 19 | 11 | 13 | 16 | 9 | 11 | 3 | 2 | 2 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 | 0 |
| 10. | Қарағанды облысы | 11 | 17 | 3 | 9 | 12 | 1 | 2 | 5 | 2 | 1 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 |
| 11. | Қостанай облысы | 8 | 14 | 3 | 3 | 8 | 1 | 5 | 6 | 2 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 12. | Қызылорда облысы | 22 | 17 | 9 | 17 | 14 | 7 | 5 | 3 | 2 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 | 0 |
| 13. | Маңғыстау облысы | 6 | 18 | 13 | 5 | 17 | 11 | 1 | 1 | 2 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 | 0 |
| 14. | Павлодар облысы | 2 | 4 | 0 | 1 | 0 | 0 | 1 | 4 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 15. | СҚО | 5 | 2 | 5 | 1 | 2 | 0 | 4 | 0 | 5 | 0 | 0 | 2 | 0 | 0 | 0 |
| 16. | Түркістан облысы | 3 | 7 | 3 | 2 | 5 | 3 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 17. | Шымкент қаласы | 10 | 12 | 10 | 5 | 12 | 8 | 5 | 0 | 2 | 0 | 2 | 2 | 0 | 0 | 0 |
| | Жиыны | 137 | 175 | 95 | 84 | 114 | 63 | 53 | 61 | 32 | 6 | 8 | 12 | 0 | 0 | 0 |

Төменде облыстық соттар жіберген
мәліметтері бар жиынтық кесте берілген

| № | Өңір | Жыл басында | | | Келіп түскені | | | Қайтарылған | | | Қараусыз қалдырылған | | | Шешім шығарылып, қаралған істер | | | оның ішінде қанағаттан-дырылған | | | бас тартылған | | | өзгеріссіз қалдырылған | | | Каспациялық тәртіптен қаралған | | | оның ішінде | | | | | | | | | | | | |
|--------------|------------------|-------------|-----------|-----------|---------------|------------|------------|-------------|----------|-----------|----------------------|------------|-----------|---------------------------------|-----------|------------|---------------------------------|-----------|-----------|---------------|-----------|-----------|------------------------|-----------|-----------|--------------------------------|----------|-----------|-------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|---|
| | | арыз | | іс | | 2020 | | 2021 | | 2022 6 ай | | 2020 | | 2021 | | 2022 6 ай | | 2020 | | 2021 | | 2022 6 ай | | 2020 | | 2021 | | 2022 6 ай | | 2020 | | 2021 | | 2022 6 ай | | | | | | | |
| | | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | 2020 | 2021 | 2022 6 ай | | | | | | | |
| 1. | Ақмола облысы | 5 | 0 | 2 | 9 | 11 | 4 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | | | |
| 2. | Ақтөбе облысы | 0 | 5 | 1 | 30 | 21 | 6 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | | | |
| 3. | Алматы қаласы | 3 | 6 | 6 | 67 | 47 | 28 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | | |
| 4. | Алматы облысы | 3 | 5 | 1 | 22 | 29 | 7 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | | |
| 5. | Атырау облысы | 0 | 1 | 1 | 11 | 7 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| 6. | ШҚО | 3 | 4 | 3 | 38 | 33 | 14 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | | |
| 7. | Жамбыл облысы | 0 | 0 | 1 | 6 | 7 | 6 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| 8. | БҚО | 2 | 4 | 6 | 42 | 18 | 20 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| 9. | Қарағанды облысы | 3 | 2 | 2 | 35 | 33 | 6 | 2 | 0 | 1 | 13 | 13 | 1 | 6 | 2 | 1 | 10 | 16 | 3 | 8 | 12 | 1 | 2 | 4 | 2 | 6 | 1 | 0 | 6 | 6 | 6 | 5 | 6 | 3 | 1 | 1 | 2 | 4 | 5 | 1 | |
| 10. | Қостанай облысы | 1 | 5 | 1 | 39 | 37 | 7 | 3 | 0 | 0 | 15 | 17 | 1 | 14 | 9 | 1 | 8 | 14 | 3 | 3 | 8 | 1 | 5 | 6 | 2 | 0 | 0 | 0 | 9 | 8 | 2 | 8 | 8 | 2 | 1 | 0 | 0 | 7 | 8 | 2 | |
| 11. | Қызылорда облысы | 0 | 1 | 1 | 40 | 16 | 15 | 0 | 0 | 0 | 0 | 23 | 9 | 8 | 5 | 3 | 1 | 8 | 4 | 6 | 6 | 3 | 6 | 2 | 1 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | |
| 12. | Маңғыстау облысы | 1 | 2 | 4 | 1 | 24 | 9 | 1 | 1 | 13 | 0 | 2 | 1 | 0 | 0 | 0 | 5 | 1 | 18 | 7 | 1 | 17 | 5 | 0 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 3 | 0 | 1 | 3 | 2 | 0 | 1 | 2 | 0 | 2 | 0 | 0 |
| 13. | Астана қаласы | 4 | 1 | 3 | 14 | 58 | 29 | 0 | 1 | 0 | 7 | 26 | 16 | 6 | 14 | 9 | 3 | 11 | 6 | 1 | 4 | 3 | 2 | 7 | 3 | 0 | 1 | 0 | 4 | 7 | 5 | 3 | 7 | 5 | 0 | 1 | 1 | 3 | 6 | 4 | |
| 14. | Павлодар облысы | 0 | 1 | 0 | 2 | 6 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 | 4 | 0 | 1 | 0 | 0 | 1 | 4 | 0 | 0 | 0 | 2 | 4 | 0 | 2 | 4 | 0 | 1 | 1 | 0 | 1 | 3 | 0 | |
| 15. | СҚО | 4 | 2 | 2 | 17 | 5 | 5 | 0 | 0 | 0 | 5 | 3 | 2 | 6 | 2 | 0 | 4 | 0 | 5 | 1 | 0 | 0 | 3 | 0 | 5 | 0 | 0 | 0 | 3 | 2 | 1 | 3 | 2 | 1 | 1 | 0 | 1 | 2 | 1 | 0 | |
| 16. | Түркістан облысы | 0 | 0 | 0 | 9 | 8 | 6 | 0 | 0 | 0 | 2 | 0 | 1 | 2 | 1 | 0 | 5 | 7 | 5 | 3 | 5 | 3 | 2 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 | |
| 17. | Шымкент қаласы | 0 | 3 | 3 | 22 | 31 | 26 | 1 | 1 | 1 | 5 | 15 | 9 | 5 | 5 | 2 | 8 | 11 | 8 | 4 | 11 | 6 | 4 | 0 | 2 | 0 | 0 | 1 | 3 | 2 | 1 | 3 | 4 | 0 | 2 | 2 | 1 | 0 | 1 | 0 | |
| ЖИЫНЫ | | 29 | 42 | 37 | 404 | 391 | 192 | 7 | 3 | 15 | 155 | 131 | 63 | 73 | 37 | 116 | 160 | 86 | 68 | 100 | 54 | 48 | 58 | 30 | 11 | 15 | 3 | 85 | 86 | 31 | 73 | 79 | 31 | 9 | 10 | 10 | 56 | 54 | 19 | 2 | |

3. Берешекті қайта құрылымдау туралы өтініштер

Аталған санаттағы істер статистикалық есептіліктің жеке бағанына бөлінбеген, мәліметтер облыстық соттар ұсынған ақпараттардан алынған.

2020 жылдың талданатын кезеңінде экономикалық соттарға 23 іс және өтініш келіп түсті, бұл республика соттарына келіп түскен істер мен материалдардың жалпы санының 0,003% -ын құрайды (838 958).

Келіп түскен өтініштердің 4 -і қайтарылды, 4 -і қараусыз қалдырылды.

Шешім шығарумен қаралғаны – 14, оның ішінде қанағаттандырылғаны – 11, бас тартылғаны – 3.

2021 жылы 52 өтініш және іс келіп түсті (бұл 2020 жылмен салыстырғанда 55,8%-ға көп), оның 13-і қайтарылды, 11-і қараусыз қалдырылды. Соттарға келіп түскен істер мен материалдардың жалпы санынан (705 833) осы санаттағы өтініштер саны 0,007%-ды құрады.

Шешім шығарумен қаралғаны – 28, оның ішінде қанағаттандырылғаны – 22, бас тартылғаны – 6.

2022 жылдың 6 айы ішінде соттарға 28 өтініш келіп түсті, оның ішінде қайтарылғаны – 13, қараусыз қалдырылғаны –3.

Шешім шығарумен қаралғаны – 14, оның ішінде қанағаттандырылғаны –11, бас тартылғаны – 3.

Осылайша, статистика осы санаттағы өтініштердің келіп түсуінің ұлғаюын (2021 жылдан бастап 50% - ға артық), сондай-ақ мұндай дауларды шешудің оң нәтижесін көрсетеді.

Өтініштердің ең көп саны Қарағанды облысының (2020 жыл – 2, 2021 жыл – 16, 2022 жыл – 6), Қызылорда облысының (5, 12, 4), Павлодар облысының (4, 7, 4) және Шымкент қаласының (6, 4, 2) соттарына берілді.

Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында келіп түскен берешекті қайта құрылымдау туралы өтініштер болған жоқ.

Қалған өңірлерде шамалы орташа есеппен 1-3 өтініштен келіп түскен.

Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау

АПК-нің 434-бабы екінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес берешекті қайта құрылымдау туралы істер, сондай-ақ оңалту рәсімі мен банкроттық рәсімі шеңберінде туындайтын даулар жөніндегі, оның ішінде борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасасқан мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, борышкердің мүлкін қайтару туралы, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушының талап қоюлары бойынша дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайды.

1. Өтінішхаттарды алдын ала қарау нәтижелері

| № | | Қалғаны | Келіп түскені | Қайтарылғаны | Берілгені | Бас тартылғаны | Барлығы қаралғаны |
|---------------------------------------|-------------------|------------|---------------|--------------|------------|----------------|-------------------|
| 2020 жылғы | | | | | | | |
| 1. | Оңалту туралы | 4 | 21 | 8 | 1 | 10 | 12 |
| 2. | Банкроттық туралы | 15 | 90 | 34 | 7 | 54 | 65 |
| Істер мен материалдардың жиыны | | 940 | 10675 | 4003 | 463 | 6079 | 6852 |
| 2021 жылғы | | | | | | | |
| 1. | Оңалту туралы | 0 | 12 | 1 | 0 | 9 | 9 |
| 2. | Банкроттық туралы | 6 | 106 | 36 | 5 | 62 | 70 |
| Істер мен материалдардың жиыны | | 849 | 10552 | 3743 | 593 | 6063 | 6925 |
| 2022 жылғы 6 ай | | | | | | | |
| 1. | Оңалту туралы | 2 | 14 | 5 | 2 | 9 | 13 |
| 2. | Банкроттық туралы | 7 | 80 | 24 | 6 | 39 | 45 |
| Істер мен материалдардың жиыны | | 807 | 4494 | 1751 | 283 | 2687 | 3148 |

2. Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау нәтижелері

| № | | Келіп түскен іс | Барлығы қаралғаны | Күші жойылғаны | НСР | Бір шешімде күшінде қалдырылғаны | Жаңа шешім |
|---------------------------------------|-------------------|-----------------|-------------------|----------------|------------|----------------------------------|------------|
| 2020 жылғы | | | | | | | |
| 1. | Оңалту туралы | 1 | 1 | 1 | 1 | 0 | 0 |
| 2. | Банкроттық туралы | 8 | 8 | 6 | 3 | 2 | 1 |
| Істер мен материалдардың жиыны | | 483 | 434 | 272 | 118 | 69 | 78 |
| 2021 жылғы | | | | | | | |
| 1. | Оңалту туралы | - | - | - | - | - | - |
| 2. | Банкроттық туралы | 6 | 5 | 4 | 4 | - | - |
| Істер мен материалдардың жиыны | | 636 | 581 | 369 | 214 | 80 | 69 |
| 2022 жылғы 6 ай | | | | | | | |
| 1. | Оңалту туралы | 2 | 2 | 2 | 1 | 0 | 1 |
| 2. | Банкроттық туралы | 6 | 3 | 3 | 2 | 0 | 1 |
| Істер мен материалдардың жиыны | | 303 | 319 | 173 | 67 | 43 | 60 |

Осылайша, келтірілген статистикалық деректерді талдау республика соттары осы санаттағы істердің шамалы санын қарайтыны, олар бойынша шешімдерге де шамалы шағымданатыны жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Төлем қабілетсіздігін реттеудің негізгі режимдері

«Оңалту және банкроттық туралы» Заң кредиторлар мен борышкерлерге қолжетімді болатын төлем қабілетсіздігін реттеудің үш негізгі рәсімін көздейді:

1. Берешекті қайта құрылымдау.
2. Оңалту.
3. Банкроттық.

Қайта құрылымдау немесе оңалту рәсімін қолдану борышкердің уақытша төлем қабілетсіздігі басталған (мысалы, төлемді бірнеше ай бойы кешіктірілген) кезде мүмкін болады. Бұл ретте, 2019 жылғы 27 желтоқсанда Заңға қабылданған өзгерістерді ескере отырып, мұндай өтініш үшін негіз бола алатын берешектің ең төменгі шегі енді болмайды.

Банкроттық рәсім борышкердің төлем қабілетсіздігі орнықты болған жағдайда, яғни банкроттық туралы өтініш берген күні борышкердің берешегі активтерінен асып кеткен жағдайда және бұл жағдай өтініш берілген жылдың басында болған жағдайда мүмкін болады.

1. Қайта құрылымдау

Рәсім Заңның 2-1-тарауының ережелерімен реттеледі.

Заңның 5-1-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын уақытша төлем қабілетсіздігі туындаған кезде берешекті қайта құрылымдау мүмкін болады.

Рәсім борышкердің сотқа жүгінуін және бұл туралы кредиторларға хабарлау міндетін көздейді.

Өтініштен бас тарту не оны қанағаттандыру туралы шешімді сот борышкердің өтініші қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шығарады.

Заңның 28-3-бабы борышкерге берешекті реттеу туралы кредиторлармен келісімге қол жеткізу үшін екі ай мерзім (шешім заңды күшіне енген сәттен бастап) береді.

Егер осы мерзім ішінде борышкер кредиторлармен келісім жасаса және сот оны бекітсе, онда борышкер, басқалармен қатар келісімнің қолданылу кезеңіне кредиторлардың талаптарынан қорғалатын болады; тұрақсыздық айыбынан, сыйақыдан босатылады; оның мүлкінен тыйым салу алынып тасталады; борышкерге қатысты сот актілерін орындау тоқтатылады және т. б.

Қайта құрылымдау рәсімі борышкерге Келісімді орындау барысында берешекті өтеуге мүмкіндік береді. Келісімнің бұзылуы оны бұзуға әкеп соғады, бұл борышкерді аталған қорғау шараларынан айырады.

Қайта құрылымдаудың артықшылықтары мен кемшіліктері

Қайта құрылымдау борышкерге міндеттемелерді орындауды үш жылға дейін кейінге қалдыруға мүмкіндік береді және іс жүзінде кредитормен қарызды реттеу туралы азаматтық-құқықтық мәмілені соттың бақылауымен жасасуды білдіреді.

Егер борышкер барлық кредиторлармен төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келіссөздер жүргізе алса (мысалы, қарызды төлеуді кейінге қалдыру арқылы немесе басқа жолмен), рәсім перспективалы болуы мүмкін.

Бұл ретте, қайта құрылымдауда кредитормен уағдаластыққа қол жеткізбеу тәуекелі жоғары. Егер борышкердің көптеген кредиторлары болса, онда олардың кем дегенде біреуімен келісе алмау тиісті қайта құрылымдау мүмкіндігін жоққа шығаруы мүмкін.

Сонымен қатар қайта құрылымдау, шын мәнінде, неғұрлым ыңғайлы рәсім болып табылады. Қайта құрылымдау кезінде кәсіпорынды ағымдағы бақылау өтетін басқарушы болмағандықтан, борышкер кәсіпорынның қызметіне бақылауды тоқтатпай, бұрынғыдай жұмысын жалғастыра алады.

2. Оңалту

Оңалту рәсімі борышкер әр кредитормен қарызды реттеу туралы келісе алмаған кезде пайдалы болуы мүмкін, бірақ оңалту рәсімін қолдану туралы шешімді борышкерге ең көп қарыз берген кредиторлар қолдауға дайын.

Осы рәсімнің ережелері бойынша борышкер немесе кредитор сотқа жүгінеді. Сот талқылауының барысында борышкерге қатысты оңалту рәсімін енгізу үшін негіздердің болуы не болмауы туралы мәселе шешіледі. Ол үшін борышкердің қаржылық жағдайын зерттейтін және тиісті ұстанымды білдіретін уақытша әкімші тартылады.

Заңның 73-бабына сәйкес нақты оңалту шараларын қамтитын және бір кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың тең шарттарын көздейтін оңалту жоспарын борышкер оңалту рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде кредиторлармен және оңалтуды басқарушымен бірлесіп әзірлеуге тиіс.

Оңалту жоспары кредиторлардың көпшілік дауысымен «бір теңге – бір дауыс» қағидаты бойынша бекітіледі. Оңалту жоспарын бекітпеу оңалту рәсімін тоқтатуға әкеп соғады.

Заңның 64-бабына сәйкес оңалту рәсімін жүргізу мерзімін сот оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарым шығарған кезде белгілейді және мұндай ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, сот оңалтуды басқарушының өтінішхаты бойынша кредиторлар жиналысының келісімімен бұл мерзімді бір рет, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Сот, егер өтініш оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы сот шешімі немесе оңалту рәсімін тоқтату туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап екі жыл өткенге дейін берілген жағдайда, оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті қайтарады (Заңның 48-бабының 1-1-тармағы). Мұндай ереже борышкерлерді тәртіпке келтіреді және атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру мақсатында жиі өтініш беруді болдырмайды.

Оңалту рәсімінің шеңберінде борышкер кредиторлардың қорғауына ие болады. Қарыздар, өсімпұлдар, айыппұлдар бойынша сыйақыны есептеу, сондай-ақ борышкерге қатысты сот актілерін орындау тоқтатыла тұрады. Борышкерге талаптар қою тек оңалту рәсімінің шеңберінде ғана мүмкін болады. Борышкер оңалту жоспарына сәйкес қызметін жалғастыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар оған ауқымды шектеулер, мысалы, жаңа мәмілелер жасасау бойынша қойылады.

Оңалтудың артықшылықтары мен кемшіліктері

Оңалту рәсімінің негізгі артықшылықтары:

- берешекті төлеу бойынша кейінге қалдыру мүмкіндігін одан әрі ұзарту құқығымен оны кейінге қалдыру мүмкіндігін алу;
- кредиторлардың борышкерге қойылатын талаптарын ұлттық валюта теңгемен белгілеу, бұл теңге құнсызданған жағдайда шетел валютасындағы берешектің одан әрі өсу тәуекелін төмендетуі мүмкін;
- егер кәсіпорын табыс табуды жалғастырса, бірақ кредиторлардан уақытша қорғау қажет болса, жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды сақтау мүмкіндігі.

Алайда оңалту рәсіміне жан-жақты көзқарас қажет, өйткені бұл рәсімде негізгі шешімдердің көпшілігін кредиторлар жиналысы қабылдайды.

Борышкердің кредиторлар жиналысында талаптарының (дауыстарының) саны көпшілік болып табылатын кредитор немесе кредиторлар оңалту рәсімінде қабылданатын негізгі шешімдерді бақылауға құқылы, осыған байланысты борышкер мен оның иелері үшін кәсіпорынды бақылаудан айырылу немесе оңалту кезеңінде оны тиімсіз басқару қаупі жоғары болғандықтан, кейін банкроттық қаупін арттыруы мүмкін.

Борышкерлер кредиторлар алдындағы жауапкершіліктен бас тарту мақсатында оңалту рәсімін теріс пайдаланатын жағдайлар бар. Мысалы,

үшінші тұлға алдында жасанды қарыз тудырады, оның себебі бұл тұлға борышкердің бенефициарларының мүддесі үшін және басқа кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіру үшін шешім қабылдай алады (ол іс жүзінде борышкермен байланысты). Бұл ретте, борышкерлердің мұндай жосықсыз тәсілдеріне қарсы тұрудың әртүрлі әдістері бар.

Заңда оңалту рәсімінің мерзімі өткеннен кейін оны тоқтату көзделмегенін атап өткен жөн.

Іс жүзінде Заңның 82-бабында көрсетілген адамдардың оңалту рәсімін жүргізу мерзімі аяқталғаннан кейін оны тоқтату туралы өтінішпен сотқа ұзақ уақыт жүгінбейді.

3.Банкроттық

Банкроттық компанияны ақтау мүмкін болмаған жағдайда борышкерді мәжбүрлеп тарату рәсімін білдіреді. Банкроттықтың мақсаты-борышкердің мүліктік массасын кредиторлардың арасында әділ бөлу болып табылады. Банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін борышкер таратылады және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының тізілімінен шығарылады.

Заңның 4-бабына сәйкес банкроттық борышкердің сотқа берген өтінішінің негізінде не кредиторлардың немесе заңмен уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың сотқа берген өтінішінің негізінде ерікті түрде белгіленеді.

Бұл ретте, Заңның 11-бабының 2-тармағына сәйкес борышкер оның мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), заңды тұлғаның құрылтай құжаттармен осыған уәкілеттік берілген органы оны тарату туралы шешім қабылдаған, ал мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге міндетті.

Борышкердің орнықты төлем қабілетсіздігі оның өзін банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады, оның ұғымы Заңның 5-бабының 2-тармағында ашылған. Егер борышкердің міндеттемелері сотқа өтініш берілген күнге және өтініш берілген жылдың басына өтініш берілген жылдың алдындағы жылдың басына оның мүлкінің құнынан асып кетсе, төлем қабілетсіздігі орнықты болып табылады.

Егер банкроттық туралы өтінішті кредитор берсе (Заңның 5-бабының 2-тармағы), бұл өлшемшарт қолданылмайды. Мұндай жағдайда егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, заңды күшіне енген сот актісі немесе борышкерден ақшаны өндіріп алу туралы атқарушылық құжат негізінде борышкердің кредитор алдындағы орындалмаған ақшалай міндеттемесі не борышкердің борышын мойындауы кредитордың борышкерді банкрот деп

тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады.

Бұл жағдайда «борышкердің қарызды мойындауы» қалай ресімделуі керек деген сұрақ туындайды.

Сот практикасын алғанда, мұндай тану қойылған талапқа жауап түрінде борышты жазбаша тану арқылы; борышкер мен кредитордың уәкілетті өкілдері қол қойған және тараптардың мөрлерімен расталған өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің екі жақты актісімен; борышкердің борышты төлеу туралы кепілдік хаттарымен ресімделуі мүмкін.

Салық кодексінің 126-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) осы Кодекстің 121-бабында көзделген барлық шаралар қабылданғаннан кейін бюджетке берешек сомасын өтемеген жағдайда, салық органы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес оны банкрот деп тану жөнінде шаралар қолдануға құқылы.

Кредиторлар банкроттық туралы талаптарды қойған кезде талаптардың сомасы бойынша және берешектің туындау уақыты бойынша қандай да бір шектеулер көзделмеген

Заңда борышкерлерді қаржылық орнықтылықтың үш санатына бөлу көзделген:

I сынып - қаржылық тұрақты;

II сынып - банкроттық тәуекелімен ұштасқан, бірақ қаржылық орнықтылықты қалпына келтіру мүмкіндігі бар (оңалту рәсімін қолдану үшін негіздер бар);

III сынып - қаржылық орнықсыздық (оны банкрот деп тануға негіздер бар).

Борышкерлер тиісті сыныпқа олардың қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігін сипаттайтын және борышкердің қаржылық есептілігі негізінде есептелетін кірістілікті ескеретін коэффициенттер негізінде жатады.

Коэффициенттерді есептеу үшін жоғарыда аталған «коэффициенттерді есептеу және қаржылық орнықтылық сыныптарының шекараларын анықтау ережелері» қабылданды.

Заңның 49-бабының 1-тармағында уақытша басқарушының банкроттық туралы істі сотта қарау кезеңінде борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасау міндеті көзделген. Бұл ретте мұндай қорытынды осы баптың 2-тармағына байланысты, егер:

1) борышкерде өтініш берушіден бөлек, басқа кредиторлар болмаған;

2) борышкер уақытша басқарушыға есепке алу құжаттамасына қол жеткізуге рұқсат бермеген жағдайда жасалмайды.

Заңның 49-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының ережелері өтініш беруші салық және кедендік төлемдер бойынша кредитор немесе «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 48-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес атқарушылық құжат қайтарылған кредитор болып табылатын жағдайларға қолданылмайды.

Заңның 84-бабында банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі тоғыз айды құрайтыны және осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер (соттың іс жүргізуінде борышкер мен оның кредиторларының мүдделерін қозғайтын істің болуы; өткізілмеген мүліктің болуы; қорытынды есепті бекітуден бас тарту туралы сот ұйғарымында көрсетілген не уәкілетті орган анықтаған, заңнама бұзушылықтарын жою қажеттілігі) болған кезде кредиторлар жиналысымен екі жылға дейін ұзарта алатыны белгіленген. Осы негіздер болған жағдайда рәсімді жүргізу мерзімін осындай рәсімді жүргізудің жалпы мерзімі бес жылдан аспауға тиіс екені ескеріліп, қайта ұзартуға жол беріледі.

Банкроттықтың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Бұл рәсім борышкерді таратуды көздейді.

Алайда борышкердің банкроттық туралы барлық өтініштері қанағаттандырылуға жатпайды, бұл ретте кредиторлар мұндай өтініштерге қарсы тұруға құқылы.

Кейбір жағдайларда борышкердің банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне немесе керісінше ауысу мүмкіндігі бар, бұл кредиторларға да әсер етуі мүмкін.

Оңалту рәсімінде де, банкроттық рәсімінде де кредиторлар талаптарының тізіліміне талапты уақтылы мәлімдеу, сондай-ақ кейін кредиторлар жиналыстарына қатысу маңызды.

Банкроттық рәсімі бірнеше жылға ұзартылуы мүмкін және борышкер үшін де, оның қатысушылары/акционерлері үшін де тәуекелдер болуы мүмкін. Сондықтан банкроттықты басқарушының әрекеттерін үнемі бақылау талап етіледі, ал кейбір жағдайларда оның әрекеттеріне уақтылы шағымдану қажет.

Сонымен қатар рәсім кредиторларға белгілі бір мүмкіндіктер береді. Осылайша, банкроттықты басқарушы борышкердің мәмілелеріне дау айтуға құқылы, бұл борышкердің контрагенттері үшін банкроттың ақшасын/мүлкін қайтару міндетіне әкелуі мүмкін. Бұл банкроттық қарсаңында активтерді шығару орын алған жағдайларда қажет болуы мүмкін.

Банкроттық рәсімінде кейбір жағдайларда құрылтайшыны (қатысушыны) және (немесе) борышкердің өзге де лауазымды адамын субсидиарлық жауапкершілікке тартуға болады.

Жалпы ережелер Процестік мәселелер

Заңның 3-бабында кәсіпорындар мен мекемелерден, жинақтаушы зейнетақы қорларынан, банктерден, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан басқа, дара кәсіпкерлер (бұдан әрі – ДК) мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерге қолданылатыны регламенттелген.

Сот банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда оларды тарату Қазақстан Республикасының банк заңнамасына, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Банкроттық немесе оңалту рәсімдерін астық қабылдау кәсіпорындарына, сондай-ақ табиғи монополия субъектілеріне қатысты қолдану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленуі мүмкін.

Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер, оның ішінде акцияларының пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған, сондай-ақ мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот деп танылған ұйымдар банкрот болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатында мүліктік массаны өткізудің ерекше шарттары мен тәртібін және мүліктік масса объектілерін сатып алушыларға қосымша талаптарды белгілеуге, сондай-ақ акцияларының пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдар немесе Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар ұйымдар банкрот болған кезде мүліктік массаны ұлттық басқарушы холдингтің сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық тұрғыдан қауіпті түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар банкрот болған кезде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес олардың қызметіне міндетті экологиялық аудит жүргізіледі.

Ведомстволық бағыныстылығы және соттылығы Сот ісін жүргізу түрі

АПК-нің 27-бабының 1-1-бөлігінің ережелеріне сәйкес МАЭС Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы істерді, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді де қарайды.

АПК-нің 355-бабына, Заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту, олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді сот осы Заңда белгіленген ерекшеліктерімен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

Лауазымды адамдарды (борышкерді) субсидиарлық жауапкершілікке тарту туралы дауларды қарау тәртібі де осындай.

АПК-нің 35-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі шеңберінде туындайтын даулар бойынша, оның ішінде борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасасқан мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, борышкердің мүлкін қайтару туралы, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушының талап қоюлары бойынша дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы істерді, соттылығы осы Кодекстің 31-бабында белгіленген даулар бойынша істерді қоспағанда, оңалту рәсімін қолдану туралы немесе борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған судья қарайды.

Заңды тұлғаларды банкрот деп тану туралы шешімдерді МАЭС судьялары қабылдағандықтан, олар сол соттарда қаралады.

Сонымен қатар заңнамалық актілерде борышкерді банкрот деп тану және оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық істердің соттылығының мәселесі реттелмеген.

АК-нің 39-бабының 2-тармағына сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері оның құрылтай құжаттарында толық пошталық мекенжайы жазыла отырып көрсетіледі.

АПК-нің 29-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды тұлғаға талап қою құрылтай құжаттарына сәйкес және (немесе) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сотқа беріледі.

АПК-нің 302-бабы бірінші бөлігі 11) тармақшасының, 303-304-баптарының ережелерінде ДК-нің және заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту, олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істер ерекше іс жүргізумен қаралатыны белгіленген.

Өтініш борышкердің орналасқан жері бойынша ұсынылады, алайда бұл туралы Заңда тікелей нұсқау жоқ, осыған байланысты борышкердің орналасқан жері бойынша осы санатты қарау туралы нұсқаумен толықтыру енгізу қажет.

Банкроттықты немесе оңалтуды басқарушының мәмілелерді жарамсыз деп тану, борышкердің мүлкін қайтару, дебиторлық берешекті өндіріп алу, субсидиарлық жауапкершілікке тарту және т.б. туралы талаптары бойынша даулар талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қаралады.

Мемлекеттік баж. Сот шығыстары

Салық кодексінің 610-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес ерекше іс жүргізу істері бойынша сотқа берілетін өтініштерден мемлекеттік баж 0,5 АЕК мөлшерінде алынады.

Салық кодексінің 616-бабының 26) тармақшасына сәйкес банкроттық және оңалтуды басқарушылар Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген өз өкілеттіктері шегінде банкроттық рәсімі, оңалту рәсімі мүддесіне талап қоюлар беру кезінде мемлекеттік баж төлеуден босатылды.

Жоғарыда көрсетілген норманы сөзбе-сөз түсіндіре отырып, банкроттық пен оңалтуды басқарушылар сотқа талап қою кезінде, сондай-ақ олар талапкер ретінде әрекет ететін істер бойынша сот актілеріне шағымдану кезінде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Сондықтан субсидиарлық жауапкершілікке тарту туралы шешім шығарған кезде АПК-нің 117-бабының бірінші бөлігі негізінде сот шығыстарын өндіріп алу туралы мәселені шешу қажет.

Банкроттықты немесе оңалтуды басқарушының әрекеттеріне шағымдану туралы өтініштер не банкрот деп танылған немесе оңалту рәсіміндегі жауапкерге талап қоюлар берілген және басқарушылар мұндай істерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, соңғылары кассациялық өтінішхаттар беру кезінде мемлекеттік баж төлеуден босатылмайды.

Істерді қозғау және сот талқылауына дайындау Іске қатысатын адамдар

Заңның 38-бабының 3-тармағында оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу сот ісін жүргізуге оңалту рәсімін қолдану туралы немесе борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті қабылдау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап қозғалған болып есептеледі.

Істерді ерекше іс жүргізудегі сот талқылауына дайындау АПК-нің 165, 303-баптары тәртібімен, өтініш сот ісін жүргізуге қабылданған

күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Бұл мерзімді ұзартуға жол берілмейді.

Бұл ретте Заңда борышкерге қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы істер бойынша даярлау көзделмеген.

Ерекше іс жүргізу істерін соттар АПК-нің 31-49-тарауларында белгіленген ерекшеліктермен талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша өтініш беруші мен мүдделі тұлғалардың қатысуымен қарайды.

Тиісінше, кредитор немесе борышкер сотқа шағыммен емес, өтінішпен жүгінеді. Процеске қатысушылар талапкер және жауапкер емес, өтініш беруші, кредитор, борышкер, уәкілетті орган, әкімші немесе өзге де мүдделі тұлғалар деп аталады (АПК-нің 43-бабы, Заңның 66, 85-баптары).

Сонымен қатар сот процестік құжаттарда «өтініш» орнына «талап қою, талап қою арызы», «өтініш беруші» орнына «талапкер», «мүдделі тұлға» орнына «үшінші тұлға» деп көрсететін істер кездеседі.

Заңның 1-бабының 3) тармақшасына сәйкес әкімші деп өкілеттіктерді жүзеге асыратын уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар түсініледі.

Заңның 1-бабының 20) тармақшасында лауазымды адам ұғымы айқындалған, атап айтқанда: «лауазымды адам – акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі, борышкер – заңды тұлғаның басшысы (басшының орынбасары), сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органына кіретін, заңды тұлғаны басқару бойынша тұрақты немесе уақытша өкілеттіктер берілген өзге тұлға, борышкер – заңды тұлғаның бас бухгалтері, сол сияқты оның міндеттерін уақытша атқаратын өзге тұлға».

Заңның 52-бабына сәйкес, сот оңалту немесе банкроттық туралы істі сот талқылауына дайындау кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасында көзделген әрекеттерден басқа істің сот отырысында қаралатын уақыты мен орны туралы уәкілетті органға, борышкерге, кредиторларға, прокурорға және іске қатысатын өзге де адамдарға хабарлайды.

Практикада соттар бұл талаптарды әрдайым орындай бермейді. Жекелеген істерде барлық кредиторларға хабарлама жіберу туралы мәліметтер жоқ (олардың саны көп болған жағдайда), сотқа ең көп қарыз берген кредиторлар ғана шақырылады.

Заңның 54-бабына сәйкес алдын ала дайындау аяқталғаннан кейін оңалту немесе банкроттық туралы іс сот талқылауына тағайындалуға тиіс, бұл жөнінде сот ұйғарым шығарады. Бұл ретте қолданыстағы АПК сот отырысын тағайындау туралы ұйғарым шығару көзделмеген. Яғни Заңның 54-бабының 1-тармағы АПК-нің 173-бабының талаптарына қайшы келеді.

Істерді қарау мерзімдері

Сот борышкердің берешекті қайта құрылымдау туралы өтініш қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны қанағаттандырудан бас тарту немесе қанағаттандыру туралы шешім шығарады (Заңның 28-1-бабының 3-тармағы).

Заңның 54-бабына сәйкес оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалған күнінен бастап екі айдан аспайтын мерзімде сот отырысында, яғни істі сот талқылауына дайындау мерзіміне қарамастан, қаралуға тиіс.

Осылайша, Заңда осы санаттағы істерді қараудың арнайы мерзімдері белгіленген.

Дереу орындалатын шешімдер

Заңның 28-1-бабының 4-тармағына сәйкес берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы сот шешімі дереу орындауға жатады.

АПК-нің 243-бабының 10) және 11) тармақшаларына сәйкес берешекті қайта құрылымдау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешімдер дереу орындалуға жатады.

Демек, оңалту рәсімін қолдану туралы шешімдер дереу орындалмайды.

Сонымен қатар істердің осы санаты бойынша шешімдерді зерделеу соттың қарар бөлігінде борышкердің кредиторлар жиналысымен келісілген борышкерді оңалту жоспарын оңалту рәсімі қолданылған сәттен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ сот шешім шығарған сәттен бастап салдардың басталуы туралы ұсынуға міндетті екенін көрсетті.

Ал Заңның 73-бабының 2-тармағына сәйкес оңалту жоспарын борышкер оңалту рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде кредиторлармен және оңалтуды басқарушымен бірлесіп әзірлеуге тиіс.

Бұл ретте, Заңның 68-бабының 1-тармағында көрсетілген салдарлар оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап туындайды.

Осы норманың толық көрсетілмеуі оңалту салдарын дұрыс түсінбеуге және мерзімінен бұрын қолдануға және оңалту жоспарын бекітуге әкелуі мүмкін.

Татуластыру рәсімдері

Заңның 6-1-тарауында банкроттық рәсімді жүргізудің кез келген сатысында (оның ішінде кредиторлардың бірі мемлекеттік орган болса) кредитор (кредиторлар) мен борышкер арасында бітімгершілік келісім жасасу көзделген.

Бітімгершілік келісімді жасасу туралы шешімді қабылдау банкроттық рәсімінде кредиторлар жиналысының құзыретіне жатқызылды (Заңның 93-бабы 3-тармағының 9) тармақшасы, 112-1-бабының 2-тармағы).

Банкрот тарапынан бітімгершілік келісім жасасу туралы шешімді дара кәсіпкер, мүліктің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), заңды тұлға – банкроттың құрылтайшысы (қатысушысы) және банкроттықты басқарушы қабылдайды.

Бітімгершілік келісімге өздеріне бітімгершілік келісімде көзделген құқықтар мен міндеттерді қабылдайтын үшінші тұлғалардың қатысуына жол беріледі.

Бітімгершілік келісімді бекіту кезінде сот тиісті ұйғарым шығарады, онда банкроттық рәсімі тоқтатылатынын және борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімді қозғау туралы шешім орындалуға жатпайтынын көрсетеді.

Сотта банкроттық туралы істерді қарау сатысында, сондай-ақ оңалту рәсімі сатысында татуластыру рәсімдерін жүргізу көзделмегенін атап өткен жөн.

Ескіру мерзімі Түпкілікті мерзім

1. Сот практикасында банкроттық немесе оңалту рәсімін қозғағаннан кейін талап қою мерзімін қолдану мәселелері туындайды.

Азаматтық кодекстің 178-бабында жалпы ескіру мерзімі үш жыл болып белгіленген.

Талаптардың жекелеген түрлері үшін заңнамалық актілерде жалпы мерзіммен салыстырғанда талап қоюдың арнайы қысқартылған немесе неғұрлым ұзақ ескіру мерзімдері белгіленуі мүмкін.

Бұл ретте, бұзылған құқықты қорғау үшін талап қою мерзімі белгіленеді, ол дау тарапының өтініші бойынша қолданылады және қалпына келтірілуі мүмкін.

Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, мәмілелер, егер оларды борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы Заңда көзделген негіздер болған кезде оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасасқан болса, жарамсыз деп танылады.

Егер борышкерге банкроттық рәсім оңалту рәсімін тоқтату нәтижесінде қолданылған болса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

Көрсетілген баптың 2-тармағында, АҚ-де көзделгеннен басқа, мәмілелердің жарамсыздығының өзге де негіздері көзделген.

Сонымен қатар Заңның 7-бабы 2-тармағының 4) және 5) тармақшаларынан өзге мерзімдер – алты ай, бір жыл қаралады.

Заңның 71-бабы 3-тармағының 7) және 11) тармақшаларында оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енгеннен кейін оңалтуды басқарушы мыналарды:

- осы Заңның 7-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер немесе ол уәкілеттік берген адам жасаған мәмілелерді анықтауға және сот тәртібімен, оның ішінде осындай мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша оларды жарамсыз деп тану не мүлікті қайтару туралы талап қоюға;

- бұрын оңалту рәсімінде борышкерді басқаруды борышкер – ДК не борышкер-заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген орган немесе тұлға не шеттетілген оңалтуды басқарушы жүзеге асырған жағдайларда, оңалту кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер жасау фактілерін анықтауға міндетті екені белгіленген.

Практикада жаңадан тағайындалған оңалтуды басқарушы үшін ескіру мерзімі қай сәттен бастап есептелуге жатады - даулы мәмілелер туралы бірінші оңалтуды басқарушы білген сәттен бастап па немесе жаңадан тағайындалған оңалтуды басқарушы осы мәмілелер туралы білген сәттен бастап па деген сұрақ туындайды.

Мысал:

Қарағанды облысы МАЭС-нің 2017 жылғы 24 тамыздағы шешімімен «К» ЖШС-ға қатысты оңалту рәсімі қолданылды.

Бастапқыда 2017 жылғы 17 қарашадағы кредиторлар жиналысы мүлікті және істерді басқару құқығын оңалту басқарушысының міндетін атқарушы директор Қ.-ға қалдырды. Кейін уәкілетті органның бұйрықтарымен оңалтуды басқарушылар болып өзге тұлғалар тағайындалды – 2020 жылғы 12 маусымда (Т.), 2021 жылғы 19 қаңтарда (Ж.), 2021 жылғы 26 сәуірде (Т.).

Т. 2016-2017 жылдары жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану және соманы өндіріп алу туралы сотқа талап қою берді.

МАЭС-тің 2022 жылғы 18 ақпандағы шешімімен талап қою қанағаттандырылды. Бұл ретте, сот жаңадан тағайындалған оңалту басқарушысы Т. шарттар туралы, атап айтқанда 2021 жылғы 12 қарашадан бастап білген сәттен бастап ескіру мерзімі есептелуге жататынын дәлелдей отырып, ескіру мерзімін қолдану туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартты.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2022 жылғы 7 маусымдағы қаулысымен МАЭС-тің шешімі талап қоюдан бас тарту туралы жаңа шешім шығарумен күші жойылды. Алқа ескіру мерзімін қолдана отырып,

талапкердің бұрынғы оңалту басқарушысы Қ. «К» ЖШС құжаттарын берген сәттен бастап даулы мәмілелер туралы білгенін немесе білуге тиіс екенін көрсетті.

Бұл ретте, Қ.-дан оңалту басқарушысы Т.-ға құжаттарды беру туралы нақты дәлелдемелер ұсынылмады.

Мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қоюлар банкроттықты басқарушы тағайындалған күннен бастап үш жыл ішінде де, көрсетілген мерзім өткеннен кейін де соттарға түседі.

Мұндай даулар бойынша талап қою мерзімі талап қоюшыға даулы мәмілелер туралы белгілі болған сәттен бастап есептелуі керек.

Талап қою мерзімін дұрыс қолдану және есептеу АҚ-нің 7-тарауының тиісті баптарында айқындалған.

Оңалту рәсімі мен банкроттық рәсімі шеңберінде туындайтын дауларды қарау кезінде қолданыстағы заңнаманың жоғарыда көрсетілген талаптарын басшылыққа алу қажет.

3. Азаматтық кодексте түпкілікті мерзім туралы ұғым ашылмаған.

Сонымен бірге құқық теориясының негізінде «түпкілікті мерзім» заңды термині деп субъективті құқықты жүзеге асырмау немесе тиісінше жүзеге асырмау жағдайларын болдырмауға бағытталған құқықтың қолданылу мерзімін түсіну керек. Сот оны қолданады және бұл мерзімді қалпына келтіру мүмкін емес.

Егер ескіру мерзімі материалдық құқықты мәжбүрлеп жүзеге асыруға кедергі бола алса, онда түпкілікті мерзім материалдық азаматтық құқықтың болуын тоқтатады.

Заңның 7-бабы 3-тармағының қағидалары бойынша осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар кезінде жасалған мәмілелер анықталған кезде әкімші, оның ішінде мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша, анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

Жоғарыда келтірілген құқық нормасы императивті болып табылады және әкімшіге он жұмыс күні ішінде сотқа талап қою міндетін жүктейді.

Бұл міндетті орындамау әкімші үшін қолданыстағы заңнамада көзделген жауаптылыққа (тәртіптік, әкімшілік және т.б.) әкеп соғады.

Атап айтқанда ӘҚБтК-нің 179-бабының 10-тармағында көзделгендей, борышкердің немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды бұза отырып жасаған мәмілелерді анықтау міндеттерін орындамау не тиісінше орындамау және оларды жарамсыз деп тану не мүлікті сот тәртібімен банкроттың мүліктік массасына қайтару туралы талаптар қоймау отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен бірге, сот практикасы әкімшінің сотқа талап қою үшін қажетті құжаттарды жинауға уақыт шығындары себебінен көрсетілген мерзімнің өтіп кетуіне сілтеме жасай отырып, көрсетілген мерзімде сотқа жүгіне бермейтінін көрсетеді.

Мұндай жағдайда он күндік мерзім түпкілікті болып табылмайды және оның аяқталуы талап қоюдан сөзсіз бас тартуға әкеп соқпайды, сондай-ақ әкімшіні талап қоюдың үш жылдық мерзімі шегінде кредиторлардың мүдделері үшін бұзылған немесе дау айтылған заңды құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығынан айырмайды.

Уақытша әкімшінің шешімімен келіспеген жағдайда кредитор уақытша әкімшінің хабарламасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны оңалту туралы істі қарайтын сотқа шағымдануға құқылы. Бұл мерзім түпкілікті болып табылады, оны өткізіп жіберу шағымды қанағаттандырудан бас тартуға негіз болып табылады.

Өтініштерді қараусыз қайтару

Заңның 40-45, 46-47-баптарының ережелерінде борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдану немесе оны банкрот деп тану туралы сотқа өтініш (борышкер, кредиторлар, прокурор) беру тәртібі айқындалған.

Өтініштер негізінен электрондық құжат нысанында беріледі.

Заңның 45-1-бабында осы Заңның 41, 42, 44, 45-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда өтінішті қараусыз қайтару көзделген.

Осыған ұқсас норма НҚ-ның 5-тармағында көзделген.

Істерді зерделеу көрсеткендей, өтініштердің қайтарылу себептері:

- мемлекеттік бажды төлемеу не оны тиісінше төлемеу;
- банкрот деп тану туралы сотқа өтініш беруге негіз болған құрылтайшының (қатысушының) шешімінің болмауы;
- кредитордың өтінішінде уақытша басқарушы болып тағайындалған тұлға туралы мәліметтердің болмауы;
- уақытша әкімшінің өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісімнің болмауы;
- борышкердің филиалдарында мүліктің болуы немесе болмауы туралы мәліметтердің болмауы;
- уәкілетті органға өтініштің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмесін жіберу туралы мәліметтердің болмауы;
- өтініштерге қол қоюға өкілдердің тиісті өкілеттіктерінің болмауы.

Жекелеген жағдайларда кредитор - салық органының өтініштерін қайтаруға «Банкроттық рәсімін қозғауды тоқтата тұру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 265 қаулысының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері атынан кредиторлардың заңды тұлғаларды және

ДК-ні банкрот деп тану туралы өтініштерді сотқа беруді тоқтата тұру туралы шектеу негіз болды.

Соттар өтініштерді қайтарған кезде АПК-нің 152-бабының талаптарды қайтарудың негіздерін айқындайтын нормаларын да қолданды.

Проблемалық мәселелер

1. Заңның 45-1-бабының ережелерін және АПК-нің 152, 279-баптарын қолдану.

Сонымен талап қою АПК-нің 152-бабында көзделген негіздер бойынша қайтарылуы, ал АПК-нің 279-бабында баяндалған негіздер бойынша қараусыз қалдырылуы мүмкін.

АПК-нің 279-бабында оның нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты талап қоюды қараусыз қалдыру көзделмеген.

Заңның 45-1-бабында бір мезгілде «өтінішті қараусыз қайтару» көзделген, осыған байланысты соттар өтінішті қайтарған кезде де, оны қараусыз қалдырған кезде де осы норманы қолданды.

2. Заңның 55-бабында санамаланған оңалту және банкроттық туралы іс бойынша сот қабылдайтын сот актілерінің тізбесінде өтінішті қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығару көзделмеген.

Мұндай ұйғарымды шығару Заңның 54-бабының 2-тармағында көзделгендей борышкер сот отырысына келмеген жағдайда, сот оны мәжбүрлеп келтіру туралы ұйғарым шығарады.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес борышкер, оңалтуды басқарушы берген, банкрот деп тану туралы өтініш соттың тиісті шешімінсіз қайтарып алынбайды. Кредитордың (кредиторлардың), прокурордың өтініштерін борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

Қандай «соттың тиісті шешімі» туралы – аралық сот актісі немесе мәні бойынша түпкілікті шешім туралы сөз болып отырғаны түсініксіз. Заңның аталған нормаларын сөзбе-сөз түсіндіру өтініш беруші мәртебесіндегі борышкер өзі берген өтінішті кері қайтарып ала алмайды және іс кімнің өтініш бергеніне қарамастан борышкердің міндетті қатысуымен қаралуға жатады деген қорытындыға әкеледі.

Практикада салық органдарының өтініштері бойынша істерді қарау кезінде борышкерді хабардар ету және оны алып келу мәселесі қиын болып табылады, өйткені борышкерлер ерікті түрде келмейді, олардың орналасқан жерін анықтау және қажетті құжаттарды алу мүмкін емес.

Мұндай жағдайларда соттар істерді борышкердің қатысуынсыз және қандай да бір құжаттарды көрместен қарайды. Бұл ретте, іс материалдарында мәжбүрлеп әкелу жөнінде шараларды қабылдау туралы мәліметтер жоқ.

Аталған қарама-қайшылықтарды Заң баптарының редакциясына өзгеріс енгізу және даулы нормалардың НҚ-да қолданылуын түсіндіру жолымен жою қажет.

Өтініштерді қараусыз қайтару практикасы

1) 2022 жылғы 24 наурызда «С» ЖШС сотқа банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінді. Сот ұйғарымымен өтініш қараусыз қалдырылды.

ЖШС-ның жалғыз қатысушысы және директоры Х.-ның 2015 жылғы 6 қазанда қайтыс болғаны, тиісінше, ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну туралы шешім қабылдамағаны және қол қоймағаны, 2022 жылғы 2 наурыздағы адвокатқа серіктестіктің мүдделерін білдіру үшін сенімхат бермегені, 2022 жылғы 2 наурыздағы «С» ЖШС директорының міндетін атқарушы А. тағайындау туралы бұйрық шығармағаны анықталды.

Солтүстік Қазақстан облысы МАЭС-нің А.-ның осы ЖШС атынан Г.-мен уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісім жасасуға құқығы жоқ екенін, ал адвокат сотта «С» ЖШС мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлға болып табылмайтынын көрсетті.

2) «Ф» ЖШС оңалту басқарушысы Т. оңалту рәсімін тоқтату және банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Солтүстік Қазақстан облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 22 қаңтардағы ұйғарымымен оңалту басқарушыларының өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды уәкілетті органға жолдағаны туралы дәлелдемелер қоса берілмегендігіне байланысты өтініш қараусыз қалдырылды, ал дайындық барысында жоғарыда көрсетілген кемшілікті жою мүмкін емес, өйткені Т. сотқа өтініш бергеннен кейін қайтыс болды, қазіргі уақытта «Ф» ЖШС өкілі бола алатын тұлға жоқ.

Апелляциялық саты ұйғарымның күшін жойып, істі жаңа қарауға жіберді.

Негіз:

Банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну борышкер үшін Заңға сәйкес міндетті болып табылған және өтінішке қажетті құжаттар қоса берілмеген жағдайларда, мұндай өтінішті сот іс жүргізуге қабылдайды, ал жетіспейтін құжаттарды сот істі сот талқылауына дайындау тәртібімен талап етеді.

2019 жылғы 24 қаңтарда уәкілетті органның атына кредиторлар жиналысында қаралған материалдармен қоса кредиторлар жиналысының хаттамасы, оның ішінде қорытынды есеп келіп түскені анықталды. Көрсетілген құжаттар борышкер берген өтінішке қосымша болып табылады. Оңалту басқарушысының қайтыс болуы өтінішті қараусыз қайтаруға негіз болып табылмайды.

Бірінші сатыдағы соттың берілген өтініштің кемшіліктерін істі дайындау сатысында жою мүмкін еместігі туралы қорытындыларын алқа қате деп таныды.

3) Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-нің 2022 жылғы 28 маусымдағы ұйғарымымен Б.-ның (жалақы бойынша кредитор) «М» ЖШС-ны оның өтінішіне сәйкес банкрот деп тану туралы өтініші қараусыз қалдырылды.

Борышкердің жалғыз қатысушысы және оның директоры И. істі оның қатысуынсыз және ескертусіз қарауға сілтеме жасай отырып, соттың шешімін жоюды сұрады, өйткені ол да жалақы бойынша кредитор болып табылады.

Апелляциялық алқаның 2022 жылғы 10 тамыздағы ұйғарымымен сот актісі өзгеріссіз қалдырылды, себебі өтініш беруші Б.-ның өтініші бойынша істі қарау туралы сенімді хабардар болды, И. қол қойған сенімхат бойынша ЖШС-ның өкілі іске қатысып, түсініктеме берді.

Сонымен қатар, дау айтылған ұйғарым И.-ге ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өз бетінше сотқа жүгінуге кедергі келтірмейді.

4) «Қ» ұлттық компаниясы» АҚ сотқа «Қ» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінді.

Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-нің 2022 жылғы 29 маусымдағы ұйғарымымен кредитордың өтінішінде уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісім жасалған уақытша басқарушының деректері көрсетілмегендіктен, келісімнің өзі қоса берілмегендіктен, өтініш қараусыз қайтарылды.

Апелляциялық сатыдағы сот бұл тұжырымдармен келіспеді, өйткені егер өтініш беруші салықтар мен кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекет қатысатын мемлекеттік орган немесе заңды тұлға болып табылса, уақытша басқарушының кандидатурасын таңдау уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады (Заңның 15, 44-баптары).

Қоғамның жарғысына сәйкес құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болатын жалғыз акционер «С» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады.

5) «G» компаниясы «Т» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Қостанай облысы МАЭС-нің 2022 жылғы 3 ақпандағы ұйғарымымен өтініш Заңның 45-1-бабының 3-тармағының негізінде өтініш берушіге қайтарылды, өйткені материалдарда кредитор мен әкімшінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлға арасында жасалған уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісім болмаған, оны жасасу міндеттілігі заңнамада тікелей көзделген.

6) «М» ЖШС оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүгінді.

Заңның 41-бабының 1-тармағын бұза отырып, өтінішке борышкер-заңды тұлғаның басшысы не құрылтай құжаттарына сәйкес оны алмастыратын тұлға емес, сенімхат бойынша өкіл қол қояды.

Заңның 42-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өтінішке олардың заңды мекенжайы көрсетілген барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі қоса берілмеген.

Қостанай облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 6 қаңтардағы ұйғарымымен өтініш берушіге Заңның 45-1-бабының 1-тармағына, АПК-нің 152-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сілтеме жасай отырып қайтарылды.

7) «С» ЖШС оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Қостанай облысы МАЭС-нің ұйғарымымен өтініш қараусыз қалдырылды, өйткені өтініш беруші уәкілетті органға өтініштің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін жіберу бөлігінде Заңның 41-бабы 2-тармағының талаптарын орындамаған.

Алдын ала сот отырысында уәкілетті органның өкілі өтінішпен қоса берілген құжаттар ұсынылмағанын түсіндірді. Кредитордың өкілі өтінішті қараусыз қалдыру туралы талапты қолдады.

8) Қостанай облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 15 қазандағы анықтамасымен «П» АҚ-ның «М» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтініші құжаттардың толық емес тізбесін ұсынуына байланысты қараусыз қалдырылды.

2021 жылғы 23 желтоқсандағы апелляциялық ұйғарыммен осы негіз бойынша қайтару өтінішті қабылдау сатысында болатынына байланысты мәні бойынша қарау үшін жіберіліп, ұйғарымның күші жойылды. Бұл жағдайда өтініш сот ісін жүргізуге қабылданды және қарау сатысында болды. Сонымен қатар апелляциялық алқа бірінші сатыдағы соттың бұл әрекеті АПК-нің 279-бабының ережелеріне қайшы келетінін атап өтті.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату

Сот отырысында оңалту немесе банкроттық туралы істі қарау кезінде сот Заңның 55-бабы 1-тармағының 6) және 6-1) тармақшаларының негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым; бітімгершілік келісімді бекіту және банкроттық рәсімін тоқтату туралы ұйғарым шығара алады.

Заңның 82-бабында көзделген негіздер бойынша өтініш берген жағдайларды қоспағанда, прокурордың, кредитордың (кредиторлардың) өтінішін өтініш беруші борышкерді банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылданғанға дейін кері қайтарып алуы мүмкін, мұндай жағдайларда сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Бұл мәселе бойынша әртүрлі сот практикасы бар.

Кейбір жағдайларда соттар кредиторлар мен борышкерлердің өтініштерін АПК-нің 279-бабы 8) тармақшасының негізінде олардың өтінішті қайтару туралы өтінішхатына байланысты қараусыз қалдырады, ал басқа жағдайларда іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Мәселен, Қарағанды облысы МАЭС-нің борышкерлердің өтініштері бойынша мынадай сот актілерін шығарды:

- 2022 жылғы 14 қаңтардағы ұйғарыммен өтінішті қайтару туралы өтінішхат беруіне байланысты борышкер «Б» ЖШС-ның оны банкрот деп тану туралы өтініші қараусыз қалды;

- 2022 жылғы 17 мамырдағы ұйғарыммен борышкер «Д» ЖШС-ның оны банкрот деп тану туралы өтініші бойынша іс жүргізу тоқтатылды, өйткені осы серіктестікті банкрот деп тану туралы өтінішке оған өкілеттігі жоқ адам қол қойған.

Бұл мәселе бойынша бірыңғай практиканың болмауы Заңға өзгерістер енгізуді және НҚ-да даулы нормаларды түсіндіруді талап етеді.

Қарағанды облыстық соты банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті қайтару туралы өтініш келіп түскен кезде арнайы заңның ерекшеліктеріне сәйкес іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот актісін шығаруды ұсынады.

Басқа мысалдар:

1) Павлодар облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 13 мамырдағы ұйғарымымен өтініш берушінің екінші рет шақырылуына қарамастан келмеуіне байланысты «Г» ЖШС-ның оны банкрот деп тану туралы өтініші бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

2021 жылғы 15 шілдедегі апелляция ұйғарымымен мәселе бірінші сатыдағы соттың жаңа қарауына жіберіліп, ұйғарымның күші жойылды.

Негіз:

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін құқықтық негіздер АПК-нің 24-тарауымен реттеледі, АПК-нің 277-бабында көрсетілген негіздер толық болып табылады. Құқық ұқсастық осы құқықтық жағдайға қолданылмайды.

Егер банкрот деп тану туралы іс бойынша шешім қабылданғанға дейін өтініш беруші (прокурор, кредитор) берілген өтінішті кері қайтарып алған жағдайда, НҚ-ның 12-тармағында іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығару құқығы нақтыланды. Басқа негіздер көзделмеген.

Өтініш берушінің тарапы банкрот деп тану туралы берілген өтінішті қайтарып алғамаған, сондықтан өтініш берушінің сот отырысына келмеуі іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін негіз бола алмайды, істі мәні бойынша шешу үшін кедергілер анықталмаған.

2) 2021 жылғы 31 наурызда салық органы «М» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінді. 2021 жылғы 5 сәуірде өтініш сот ісін жүргізуге қабылданды, азаматтық іс қозғалды.

Солтүстік Қазақстан облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 12 мамырдағы ұйғарымымен іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды, себебі өтініш беруге мораторий енгізілді. Апелляциялық тәртіппен шағым жасалмады.

Алайда аталған негіз бойынша іс бойынша іс жүргізуді тоқтату даулы болып табылады, өйткені істердің осы санатын тек сот қарауға тиіс және өтініш берушінің борышкерді банкрот деп тануға өзге мүмкіндігі жоқ. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым өтініш берушінің қайтадан сотқа жүгінуіне кедергі келтіреді.

Солтүстік Қазақстан облыстық соты АПК-нің 279-бабы 3) тармақшасының негізінде (ұсынуға құқығы бар, бірақ мұндай әрекетке уақытша уәкілеттік берілмеген адам берген) өтінішті қараусыз қалдыру мүмкін деп санайды.

Банкроттық рәсімді қозғамай борышкерді тарату

Заңның 7-тарауында банкроттық рәсiмiдi қозғамай борышкердi тарату ерекшелiктерi көзделген, ол мынадай:

1) борышкер жоқ болып табылған;

(бұл жағдайда кредитор салық және кедендік төлемдер бойынша сотқа өтінішпен жүгінуге құқылы);

2) борышкерге қатысты осы Заңның 114-бабының 3-тармағында көзделген мән-жайлардың жиынтығы болған (бұл жағдайда борышкер сотқа өтінішпен жүгінуге құқылы) жағдайларда жүзеге асырылады.

Банкроттық рәсімді қозғамай борышкерді тарату туралы өтінішпен сотқа жүгіну үшін негіздер Заңның 114-бабының 2-тармағында көзделген.

Өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сот істі қозғау туралы ұйғарым шығарады және ұйғарымның көшірмелерін борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына борышкердің орналасқан жері бойынша аумақтық әділет органына (егер ол заңды тұлға болса) жібереді.

Істі қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сот банкроттық рәсiмiн қозғамай борышкердi тарату туралы шешiм шығарады. Шешiмде сот тарату рәсiмiн жүргізудi әкiмшiнiң құқықтары мен мiндеттерi ауысатын уәкiлеттi органға жүктелетiнiн көрсетуге тиiс.

Мысал:

1) Батыс Қазақстан облысы МАЭС-нің шешімімен С.-ны ДК банкрот деп тану туралы салық органының өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды.

Іс бойынша борышкерге хабарлама өтініште көрсетілген пошта мекенжайы бойынша үш рет жіберілді, алайда «Төрелік» АЖ-ға жеткізу не қайтару туралы мәліметтер жоқ, борышкер сотқа қатыспаған. Уақытша басқарушы борышкердің анықталмағанын, материалдарда көрсетілген тұрғылықты жеріне барған кезде өзге адамдардың тұрғылықты жері анықталғанын түсіндірді.

2013 жылдан бастап тұрғылықты жері бойынша ДК жоқ екендігі туралы салықтық тексеру актілері жасалды.

Бірінші сатыдағы сот борышкер болмаған кезде өтініш беруші банкроттық рәсімді қозғамай, борышкерді тарату туралы Заңның 7-тарауының тәртібімен сотқа жүгінуі керек екенін көрсетті, өйткені тиісті өтініш беру соттың істі қарауының өзге тәртібін көздейді.

Банкроттық және оңалту рәсімдері шеңберінде дауларды қарау

1. Азаматтық кодексте мәмілені жарамсыз деп тану үшін екі тараптың да жосықсыздығы көзделген, бірақ бұл ретте адал сатып алушы ұғымына жол берілген.

Заңға сәйкес сатып алушының адалдығы маңызды емес.

Бұл мән-жай НК-да түсіндіруді талап етеді.

2. Субсидиарлық жауапкершілік туралы даулар бойынша сұрақтар туындайды.

Заңның 11-бабы 2-тармағының 1), 2), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес борышкер:

- оның мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), заңды тұлғаның құрылтай құжаттармен осыған уәкілеттік берілген органы оны тарату туралы шешім қабылдаған, ал мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге;

- әкімші тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сотқа және әкімшіге қаржылық-шаруашылық қызмет туралы ақпаратты, оның ішінде борышкерде бар мүлік, оның ішінде кепіл ауыртпалығы салынған, мүліктік жалдаудағы (жалға алудағы) және (немесе) лизингтегі мүлік туралы, банктік шоттардағы ақша, шоттардың нөмірлері және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тұрған жері, дебиторлық берешек сомасы туралы мәліметтерді беруге;

- уақытша басқарушыға борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде – құрылтай құжаттарын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, он жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, жиырма жұмыс күні ішінде банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

- қарау арқылы зерделеу үшін есепке алу құжаттамасына уақытша басқарушының қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес осы баптың 2-тармағының 1), 2), 7) және 8) тармақшаларының ережелерін бұзғаны үшін борышкердің мүлкі кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде, міндеттеріне осы баптың 2-тармағының 1), 2), 7) және 8) тармақшаларында көзделген талаптарды орындау кіретін лауазымды адам банкроттық рәсімінің нәтижелері бойынша орындалмай қалған, банкроттың кредиторлар алдындағы міндеттемелері мөлшерінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес субсидиарлық жауаптылықта болады.

Көптеген жағдайда лауазымды адамдарды (басшыларды) субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы банкроттықты басқарушылар талаптарының негізі лауазымды адамдардың Заңның 11-бабы 2-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көзделген талаптарды орындамауы болып табылады.

Судьялардың осы норманың 8) тармақшасын қолдану жөніндегі екіұшты ұстанымын атап өткен жөн.

Кейбіреулер борышкердің лауазымды адамдары аталған міндеттерді орындамаған жағдайда субсидиарлық жауаптылыққа тартылады деп санайды, ал басқалары міндеттерді уақтылы орындамауды (заңда белгіленген мерзімдерді бұза отырып, құжаттарды уақтылы бермеу) жеткілікті деп санайды.

Борышкер тарапынан құжаттаманы уақытша басқарушыға беру мерзімдерін бұзудың дәлелді себептері болған кезде Заңның көрсетілген нормасы бойынша банкроттыққа тікелей бастамашы болған борышкерлерді және үшінші тұлғалардың өтініштері бойынша банкрот деп танылған борышкерлерді субсидиарлық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін саралау қажет.

Кәсіпорын жеке тұлғаға ресми түрде ресімделген және соңғысында құрылтай құжаттары, мөрлер (олар болған кезде) және т.б. болмаған жағдайлар бар, осыған байланысты мұндай тұлғаның субсидиарлық жауаптылыққа тартылуы туралы даулы мәселе ұсынылады.

Сот практикасының мысалдары

1) Түркістан облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен «К» ЖШС банкроттық басқарушысының Ж.-ны (ЖШС басшысы және жалғыз құрылтайшысы) субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

Істің мән-жайлары бойынша ЖШС соттың 2021 жылғы 24 ақпандағы шешімімен банкрот деп танылды; салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша 152 620 948 теңге мөлшерінде кредиторлық берешегі бар.

2021 жылғы 3 қыркүйекте Ж. банкроттық басқарушыға құжаттардың бір бөлігін - салықтық тексеру актісінің көшірмесін, шот-фактураларды, орындалған жұмыстар актілерін, 2019 жылғы шарттарды, ЖШС мөріні тапсырды.

Сот жауапкердің пневмониямен ауыруына және 2021 жылғы мамыр - тамыз аралығында стационарлық емдеуде болуына байланысты құжаттаманы беру жөніндегі міндетті орындамауының себептерін дәлелдей отырып, талап қоюдан бас тартты.

2021 жылғы 30 қарашадағы апелляциялық қаулымен сот шешімнің күші жойылып, талап қою қанағаттандырылды.

Негіз:

Жауапкер уақытша басқарушының 2021 жылғы 8 қаңтардағы қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпарат беру туралы хатын, бұл туралы соттың 2021 жылғы 25 қаңтардағы тапсырмасын орындамады.

Құрылтай және қаржы құжаттары, сондай-ақ ЖШС мөрі банкроттықты басқарушыға алты ай өткеннен кейін ғана берілді. Жауапкер стационарлық емделуде болғандығы туралы дәлелдемелерді ұсынбаған.

2) Қарағанды облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 4 маусымдағы шешімімен «С» ЖШС банкроттық басқарушысының С.-ға 7 671 450 теңге мөлшерінде субсидиарлық жауаптылыққа тарту және соманы өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылды.

Сот «С» ЖШС «Ц» АҚ-ның өтініші бойынша 2019 жылғы 13 желтоқсандағы сот шешімімен банкрот деп танылғанын негізге алды, тиісінше С. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы редакциядағы Заңның 11-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын бұзуға (алты ай ішінде сотқа жүгінбеу) жол берді.

2020 жылғы 5 тамыздағы апелляциялық қаулымен шешімнің күші жойылып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Негіз:

2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңмен жоғарыда аталған норма алынып тасталды, өзгерістер 2020 жылғы 8 қаңтардан бастап күшіне енді және олар қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған қатынастарға қолданылмайды.

Соттың 2019 жылғы 13 желтоқсандағы шешімінде оның дереу орындалуы туралы қорытынды болмағандықтан, оның заңды күшіне ену күні - 2020 жылғы 21 қаңтар маңызды мәнге ие.

«С» ЖШС-ның «Ц» АҚ алдындағы берешегі қалыптасқан кезде банкроттық туралы заңда борышкерді банкрот деп тану туралы қандай да бір мерзімде сотқа жүгінбегені үшін субсидиарлық жауаптылық көзделмеген.

3) Қостанай облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 3 маусымдағы ұйғарымымен «И» ЖШС-ның оңалту басқарушысының оңалту рәсімін алты ай мерзімге ұзарту туралы өтініші қанағаттандырылды.

Апелляциялық алқаның 2020 жылғы 9 қыркүйектегі ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың ұйғарымының күші жойылды.

Заңның 64-бабына сәйкес сот оңалтуды басқарушының өтініші бойынша кредиторлар жиналысының келісімімен оңалту мерзімін бір рет, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Сонымен қатар ЖШС-ны оңалту рәсімі 2013 жылғы 10 сәуірден бастап жалғасып келе жатқаны және соттың 2019 жылғы 25 қазандағы ұйғарымымен бұрын алты ай мерзімге ұзартылғаны анықталды.

Бұдан басқа ұзарту туралы өтініш оңалту мерзімі аяқталғаннан кейін берілді. Жоғарыда көрсетілген нормаға байланысты өтініш осындай мерзім аяқталғанға дейін жиырма жұмыс күні бұрын берілуі керек еді.

Апелляция төтенше жағдай режимінің енгізілуін мерзімді өткізіп алудың дәлелді себебі деп танымады.

Сонымен қатар өтінішті қарау кезінде сот уәкілетті органның өкілін тартқан жоқ.

4) Қарағанды облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 25 қыркүйектегі шешімімен «К» ЖШС-ның (бұдан әрі – «К» ЖШС) оңалтушы басқарушысы Т.-ның «А» ЖШС-ға келісім негізінде жасалған шарттарға сілтеме жасай отырып, талап ету құқығын беру туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талаптарын қанағаттандырудан бас тартылды, өйткені ынтымақтастық және бірлескен қызмет туралы, ұзақ мерзімді әріптестік құқықтық қатынастар салыстыру актілерімен расталады.

Апелляциялық алқаның 2020 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылып, шешімнің күші жойылды, 5 шарт жарамсыз деп танылды.

Негіз:

Сот «К» ЖШС тарапынан шарттарға серіктестік директоры Д. қол қойғанын анықтады, қазір «А» ЖШС директоры қызметін атқарады. Соңғысының бухгалтері – К. бұрын осындай лауазымды атқарған және «К» ЖШС-ның оңалту рәсімі процесінде басқару құқығына ие болған. Аталған тұлғалар бюджет алдындағы берешектің бар екенін анық білген.

5) Алматы облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 20 тамыздағы шешімімен «Д» ЖШС-ның уақытша әкімшісінің әрекеттеріне шағымдану туралы Ұ.-ның өтініші ішінара қанағаттандырылды. Борышкерді оңалту рәсімінде

кредиторлар жиналысы мен кредиторлар комитеті шешім қабылдаған кезде кредитор Ұ.-ның дауыс беру құқығынан айыру бөлігінде оның әрекеттері заңсыз деп танылды. Жиналыс хаттамасы жарамсыз деп танылды.

Апелляцияның 2020 жылғы 8 желтоқсандағы қаулысымен шешімнің күші жойылды, іс сол сотқа өзге құрамда жаңа қарауға жіберілді.

Негіз:

Дау айтылған хаттама олардың пікірлері мен дауыстары негізінде қабылданғанына қарамастан, кредиторлар жиналысына қатысушылар іске қатысуға тартылмаған. Осылайша, сот оларды сот арқылы қорғау құқығынан айырған, бұл сот шешімінің күшін жою үшін, сөзсіз, негіз болып табылады.

Қасақана банкроттық Жосықсыз борышкер

Заңның 6-бабында әдейі банкроттыққа кінәлі деп танылған құрылтайшы (қатысушы) және (немесе) лауазымды адам кредиторлар алдында өздеріне тиесілі мүлікпен субсидиарлық жауаптылықта болады.

Әкімшілік немесе қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен әдейі банкроттыққа кінәлі деп екі және одан көп адам танылған жағдайда, мұндай адамдар ортақ жауаптылықта болады.

Мұндай адамдарды жауаптылыққа тарту және сомаларды өндіріп алу туралы талап қоюлар банкроттық рәсім кезеңінде де, ол аяқталғаннан кейін де сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін.

Сот практикасын талдау көрсеткендей, борышкерлердің жалған кәсіпкерлік қызметпен айналысуына байланысты туындаған салық берешегі бар сотқа жүгіну жағдайлары жиілеп кетті, атап айтқанда жалған шот-фактуралар немесе заңдардың бұзылуына байланысты тіркеуі/қайта тіркеуі жарамсыз деп танылған кәсіпкерлік субъектілерімен өзара есеп айырысу.

Борышкерді банкрот деп тану контрагенттерге салық хабарламаларын ұсынуға әкеп соқпайды, бұл тиісінше елдің экономикалық қауіпсіздігіне әсер етеді.

Мұндай істерді қарау кезінде сот аталған берешектің туындау себептеріне құқықтық баға беруі қажеттігі және мұндай борышкерді банкрот деп тану борышкердің заң алдындағы жауаптылықтан құтылуына ықпал еті жөнінде сұрақ туындайды.

Практика көрсеткендей, борышкер мен оның лауазымды адамдарының жосықсыз әрекеттері жағдайында оның қызметінің нәтижелері туралы қаржылық ақпарат алу мүмкін емес. Салық органдарында тиісті ақпарат бола бермейді. Қаржылық-экономикалық шешімдерді қабылдауға негіз

бола алатын талдау үшін ақпарат көздері жоқ. Бұл ретте, ресми құқықтық әрекеттер тиісті экономикалық негіздемесіз жүргізіледі.

Мүліктің меншік иелерінің, заңды тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының), атқарушы органының заңды тұлғада қаражат жеткіліксіз болған кезде, егер олардың әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) заңды тұлғаны банкроттыққа жеткізу белгілері байқалса, оларды әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ кредиторлар алдындағы жауапкершілігін көздеу мүмкін болады.

Борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін ұзақ уақыт бойы орындамауы салдарынан салықтық және басқа да кредиторлық берешек туындайтын жағдайлар кездеседі, бұл ретте кәсіпорын осы кезеңде қаржы-шаруашылық қызметінен кіріс алады, аталған берешек осыдан туындайды.

Банкроттық рәсім аяқталғаннан кейін және банкротты өтелмеген кредиторлық берешектен босатқаннан кейін кәсіпорын заңды тұлғалар тізілімінен шығарылады. Содан кейін бұрынғы құрылтайшылар (қатысушылар) шаруашылық қызметі жаңадан басталатын жаңа заңды тұлға құрады, бұл ретте олар олардың бұрынғы кәсіпорны банкроттыққа әкеп соқтырған кәсіпкерлік қызмет үшін ешқандай жауаптылықта болмайды.

Ұсыныстар:

- қаралатын мәселелер бойынша стандарттарды әзірлеу және қабылдау;
- кәсіпорынды банкроттыққа әкелген басқару әрекеттерін анықтау үшін басшылардың тиісті қызметінің өлшемшарттарының жүйесін белгілеу;
- салық органдарын салық төлеушілердің туындаған салық берешегінің аражігін ажыратуға міндеттеу және мұндай борышкерді қылмыстық жауаптылыққа тартқаннан кейін осындай мүмкіндік бере отырып, заңсыз кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындаған берешек болған кезде банкроттыққа бастамашылық етуге тыйым салу.

Берешекті қайта құрылымдау туралы істер бойынша сот практикасы

1) Павлодар облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 24 қарашадағы шешімімен «К» ЖШС-ның берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтініші қанағаттандырылды (2021 жылғы 11 қаңтарда заңды күшіне енді).

2021 жылғы 3 ақпанда сотқа «К» ЖШС-ның борышкер мен кредиторлар арасында жасалған берешекті қайта құрылымдау туралы келісімдерді бекіту туралы өтініші келіп түсті.

2021 жылғы 15 ақпандағы МАЭС ұйғарымымен 6 кредитор алдындағы салық берешегі мен берешекті қайта құрылымдау туралы келісім бекітілді.

2021 жылғы 29 наурыздағы апелляциялық ұйғарыммен соттың ұйғарымының күші жойылып, бірінші сатыдағы соттың жаңа қарауына берілді.

Негіз:

Соттың қорытындылары істің зерттелген мән-жайларына сәйкес келмейді, соттың ұйғарымы мерзімінен бұрын шығарылған.

Борышкер 2020 жылғы 5 қарашадағы хабарламалармен берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінгені туралы 42 кредиторды хабардар еткені анықталды, ал қайта құрылымдау туралы келісім олардың 6-на қатысты ғана жасалды.

Қалған кредиторлар бойынша берешектің жоқтығы не өтелгені туралы мәліметтер толық емес көлемде ұсынылған. Бұл ретте, «Н атындағы «Е» ЖШС кредиторының «К» ЖШС-ның орындалған жұмыстар актілерімен және салыстыру актілерімен расталған 313 258 792 теңге сомасында берешегі бар екендігі туралы өтініші бар. Сотқа басқа борышкердің дәлелдемелері ұсынылмады.

2) «А» ЖШС берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінді, өтінішінде оны орындау мерзімі басталған күннен бастап үш ай ішінде төленбейтін салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша 74 311 193 теңге мөлшерінде берешектің болуына уәж келтірген.

Маңғыстау облысы МАЭС-нің борышкердің жалпы сомасы 1 525 111 123 теңгеге жасалған шарттардың; жалпы бағалау құны 298 113 000 теңгені құрайтын жер учаскесі бар ғимараттар мен құрылыстар кешені түріндегі жылжымайтын мүліктің; кейін ұзарта отырып, үй-жайларды жалға алу шарттарының болуына байланысты салықтар бойынша берешегін өтеу мүмкіндігі бар екені анықталды.

Істі қарау нәтижелері бойынша кредитор (салық органы) өкілінің пікірін ескере отырып, соттың 2021 жылғы 24 қарашадағы шешімімен «А» ЖШС-ға қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімі қолданылды.

3) «Т» ЖШС 55 571 132 теңге сомасында салық берешегінің, «З» ЖШС алдындағы 49 870 000 теңге мөлшерінде берешектің болуына, оларды уақытша төлемге қабілетсіздігіне байланысты біржолғы төлеммен өтеу мүмкін еместігіне уәж келтіріп, берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Батыс Қазақстан облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 30 шілдедегі шешімімен өтініш қанағаттандырылды. «Қ» АҚ-ның кредиторы істі қаралатыны туралы хабарланбауына байланысты сот шешіміне шағымданды.

2021 жылғы 27 қазандағы апелляциялық қаулымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Негіз:

Борышкердің уақытша төлемге қабілетсіздігі расталды, бірақ кәсіпорын жұмыс істейді, жұмыс тәжірибесі, еңбек ұжымы бар, оңалту және банкроттық туралы істер қозғалмаған.

Банкке хабарламау шешімнің күшін жою үшін негіз болып табылмайды, бұл ретте борышкердің қарыз шарттары бойынша міндеттемелері уақтылы орындалады, мерзімі өткен жоқ. Сонымен қатар кредиторлар туралы хабарлама борышкерге жүктелген. Заңның 28-1-бабында соттың кредиторларға осындай өтініштің келіп түскені туралы хабарлау міндеті көзделмеген.

Алдағы уақытта - 2022 жылғы 31 қаңтарда борышкер банкпен келісім жасаспауына байланысты қайта құрылымдау рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Соттың 2022 жылғы 14 ақпандағы ұйғарымымен берешекті қайта құрылымдау рәсімі аяқталды.

Осылайша, соттың қайта құрылымдау рәсімін қолдануы бұл жағдайда оң нәтижеге әкелмеді және алты айдан кейін рәсім тоқтатылды.

4) Апелляциялық алқа өзгеріссіз қалдырған Шығыс Қазақстан облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 27 қазандағы шешімімен «С» ЖШС-ның берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды.

Өтініш беруші 135 632 601 теңге мөлшерінде, оның ішінде салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша 66 275 041 теңге мөлшерінде, сондай-ақ серіктестікке қатысушы – «З» ЖШС-ның алдында 69 377 560 теңге мөлшерінде кредиторлық берешегі бар екендігіне уәж келтірген.

Соттың бас тартуы серіктестіктің уақытша төлемге қабілетсіздігінің дәлелденбеуіне негізделеді.

2019 жылғы 26 желтоқсанда есептелген салық берешегінің сомасы 17 484 657 теңгені құрайтыны анықталды. 2019 жылғы бухгалтерлік теңгерімде 20 454 177 теңге сомасында ақшалай қаражаттың; дебиторлық берешектің - 94 561 496 теңге; 105 521 186 теңге сомасында материалдық қорлардың; 47 021 105 теңге сомасында негізгі қаражаттың болуы туралы мәліметтер көрсетілген.

Ағымдағы салықтарды төлеуді жүзеге асыруға кедергі келтірген мән-жайлардың болуын растайтын дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Оңалту рәсімдерін қолдану істері бойынша сот практикасы

Қорытылған кезеңде соттар оңалту туралы істердің шамалы санын қарады, мұнда негізінен соттар мәлімделген талаптарды дұрыс шешеді, осы істер бойынша дәлелдемелерді бағалауда қандай да бір қиындықтар көрінбейді.

Осы рәсімді қолдану жөніндегі істерді талдау соттар борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігі деп борышкердің қаржылық қызметін сауықтыруға бағытталған және борышкер мен кредиторлар, біртекті кредиторлар тобы арасындағы өзара келісім негізінде жүзеге асырылатын өзара байланысқан нақты іс-шаралар кешенінің болуын түсінетіндігін көрсетеді.

Оңалту рәсімін қолдану үшін соттар борышкердің уақытша төлемге қабілетсіздігінің болуын ескереді.

Борышкердің төлемге қабілетсіздігі туралы дәлелдемелерді ұсынбау және оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігі туралы мәліметтердің жеткіліксіздігі салдарынан кредитордың өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы сот қорытындылары «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның қолданыстағы емес, күші жойылған нормаларына негізделген жағдайлар кездеседі.

Мәселен, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 290-VI Заңымен 5-1-бап қолданысқа енгізілді, онда Заңның 5-бабының бұрынғы редакциясында белгіленген борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы сотқа өтініш беруі үшін негіздердің бірі ретінде борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін мүмкіндіктің болуы туралы талап қамтылмаған.

Заңның 49-бабының жаңа редакциясымен және 49-1-бабымен толықтырылған борышкердің қаржылық орнықтылығы және оны қаржылық орнықтылықтың үш сыныбының біріне жатқызу туралы уақытша басқарушының қорытынды жасау тәртібі айқындалды.

Соттың оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешім қабылдауына әкеп соқтыратын мән-жайлардың толық тізбесін Заңның 59-бабы 3-тармағының редакциясы белгілеген және ол мына жағдайларды қамтиды:

- 1) уақытша әкімшінің Заңның 49-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасауы;
- 2) уақытша әкімші Заңның 49-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасаған кезде кредиторлар жиналысының оңалту рәсімін қолдануды келіспеуі.

Борышкерлердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтініштермен бірнеше рет жүгінуі бар

1) «М» ЖШС Ақтөбе облысының МАЭС-не - екі рет:

2020 жылғы 26 қарашада (кейін кері қайтарып алынды) және 2021 жылғы 1 сәуірде (2021 жылғы 27 мамырдағы шешіммен бас тартылды, 2021 жылғы 11 тамызда күшіне енді) жүгінген.

Осылайша, іс соттың іс жүргізуінде 6 айдан астам уақыт болған.

2) «Қоныс» спорт сарайының» мүліктік кешені» ЖШС сотқа оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен 5 рет жүгінген, оның ішінде 4 рет өтініш қайтарып алынған, соңғы өтініш болған кезде өтінішті сот қанағаттандырудан бас тартқан (жалпы сотта 1 жылдан астам болған).

Ақмола облысында борышкерлердің белгілі бір артықшылықтар алу мақсатында өтініш берудің ұқсас мысалдары бар.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредиторға оңалту рәсімін борышкерге қатысты қолдану туралы сотқа өтініш беру құқығы берілмеген

1) Салық органы сотқа «S» ЖШС банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінді, ал кейін оңалту рәсімін қолдану қажеттігін көрсете отырып, мәлімделген талапты өзгертті.

Түркістан облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 16 қаңтардағы шешімімен өтініш тиісті емес адамның өтініш бергеніне қарамастан қанағаттандырылды.

Апелляциялық сатының 2020 жылғы 9 сәуірдегі қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, осы кредиторға борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы сотқа өтініш беру құқығы берілмегеніне сілтеме жасай отырып, өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылды.

Сот борышкер мен кредиторлардың аффилиирленген тұлғалар екенін анықтады

2) Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-нің 2021 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен «К» ЖШС-ның оңалту рәсімін қолдану туралы өтініші қанағаттандырылды.

Уақытша басқарушының қорытындысы бойынша ЖШС қаржылық орнықтылықтың II сыныбына жатады (банкроттық тәуекелімен байланысты, бірақ қаржылық орнықтылықты қалпына келтіру мүмкіндігі бар). 2021 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша борышкердің кредиторлық берешегі контрагенттер алдында 1 130 002 134 теңгені, салықтық тексеру нәтижелері бойынша – 411 826 654 теңгені құрайды.

Апелляциялық сатының 2021 жылғы 18 қарашадағы қаулысымен шешімнің күші жойылды, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Негіз:

ЖШС төлем қабілетсіздігінің алдындағы үш жылдағы ақша қаражатының қозғалысы, атап айтқанда серіктестіктің кредиторлар мен бюджет алдындағы міндеттемелерін орындамауының мәні мен себептері тексерілмеген және тиісті түрде зерттелмеген. 1 130 002 134 теңге мөлшеріндегі кредиторлық берешек сенімді болып табылмайды, өйткені кредиторлар борышкердің үлестес тұлғалары болып табылады.

Мәлімделген талаптардың негіздемесіне борышкер дәйексіз дәлелдер ұсынды

1) Маңғыстау облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 6 желтоқсандағы шешімімен «Б» ЖШС-ның оңалту рәсімін қолдану туралы өтініші қанағаттандырылды.

2022 жылғы 17 ақпандағы апелляциялық қаулысымен шешімнің күші жойылып, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

«Б» ЖШС-ның банк алдындағы берешегі 2017 жылғы 17 қаңтардағы шарт бойынша 94 000 000 теңге сомасында банктік қарыз туындағаны анықталды, онда жер учаскесі бар әкімшілік ғимарат, Ақтау қаласында ауданы 1,0 га үш бөлмелі пәтер және жер учаскесі кепіл болып табылды.

«Б» ЖШС төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін растау үшін кепіл нысанасы болып табылатын әкімшілік ғимараттың үй-жайларын жалға алу шарттарын ұсынды. Алайда банк кепіл мүлкін жалға беруге келісімін бермеді, керісінше, борышкерден кепіл мүлкін сату арқылы қарызды өндіріп алу туралы соттың шешімін мәжбүрлеп орындауына сілтеме жасап, борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдануға қарсылық білдірді.

Сонымен қатар жалдау шарттарын орындау борышкерге кредиторлармен уақтылы есеп айырысуға және рентабельді болуға мүмкіндік бермейді.

Борышкер ұсынған өндірістік қызметті бастау және кәсіпорынды оңалту мүмкіндігін растайтын дәлелдемелер сот олардың анық болмауына байланысты назарға алмады.

Іс бойынша ұсынылған дәлелдемелерді талдауды ескере отырып, апелляциялық алқа мәжбүрлеп орындауға сот шешімінің орындалуын кейінге қалдыру мақсатында ғана оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш берілгені туралы кредитордың дәлелдерін назарға алды.

Тағы бір мысал

1) «А» ЖШС жалпы сомасы 109 073 289 теңгеге, өзге кредиторлар алдында – 186 407 044 теңгеге, дебиторлық берешек - 91 325 008 теңгеге салықтар бойынша берешектің болуына уәж келтіріп, оңалту рәсімін

қолдану туралы өтінішпен жүгінді. Бұдан басқа, өндірістік база, жалпы сомасы 165 038 885 теңгеге 8 бірлік арнайы техника түрінде негізгі құралдары бар.

Уақытша әкімші борышкерді банкроттық тәуекелімен ұштасқан, бірақ қалпына келтіру мүмкіндігі бар II сыныпқа жатқызу туралы қорытынды жасады.

Жоғары тұрған сатының 2021 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Ақтөбе облысының МАЭС 2021 жылғы 12 ақпандағы шешімімен өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Негіз:

Уақытша әкімшінің қорытындысында борышкердің қаржылық-шаруашылық жағдайы және оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігі туралы толық талдау қамтылмаған; оңалту рәсімін қолдануға кредиторлардың келісімі, борышкердің балансында бар негізгі құралдардың нақты құны туралы мәліметтер, сондай-ақ борышкердің дебиторлық берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдағаны туралы мәліметтер ұсынылмаған.

Сондай-ақ борышкер өтініште және уақытша басқарушы қорытындыда берешектің мөлшері, дебиторлық берешектің болуы, қолда бар мүлік және т. б. туралы анық емес мәліметтерді көрсеткен мысалдар бар.

Банкрот деп тану туралы өтініштерді қараудың сот практикасы

Осы санаттағы істерді талдау соттың істі қарауы барысында борышкер ғана емес, сонымен бірге кредиторлар да сотқа ұсынған дәлелдемелерді зерделеу және зерттеу нәтижесінде борышкердің төлемге қабілетсіздігін тексеретінін көрсетті.

Берешек болған және олардың есебінен берешекті өтеуге болатын активтер болмаған кезде сот талаптарды қанағаттандырады.

Соттар келесі жағдайларға байланысты мәлімделген талаптарды қанағаттандырудан бас тартады:

- туындаған берешекті өтеуге мүмкіндік беретін активтерді анықтау және олардың болуы;
- әдейі банкроттық фактісін анықтау;
- борышкердің өткен жылдары қалыптасқан берешекті өтеуге мүмкіндік беретін қаржылық есептілік бойынша айналымының болуы.

Осы санаттағы істерді шешу кезінде соттар борышкердің төлемге қабілетсіздігі мен дәрменсіздігін куәландыратын мән-жайлармен ғана шектелмеуге тиіс. Жиынтықта өтініш берушілер тарапынан әдейі банкроттық фактісі бойынша осы талапты қою негіздері де тексерілуге тиіс.

Сонымен қатар соттар істердің көрсетілген санатын қарау кезінде қателіктер жібереді.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлардың шеңберін дұрыс анықтамау және нақтыламау сот шешімінің күшін жоюға әкеп соқтырды

1) салық органы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігін дәлелдей отырып, «Н» ЖШС банкрот деп тануды сұрады; серіктестік дәрменсіз болып табылады, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырмайды; мүлік жоқ; заңда көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары толық көлемде жүргізілді. Берешек 3 261 804 теңгені құрайды.

Павлодар облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 21 сәуірдегі шешімімен өтініш қанағаттандырылды.

Апелляцияның 2020 жылғы 14 қаңтардағы қаулысымен шешімнің күші жойылды, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды, өйткені бірінші сатыдағы сот іс үшін маңызы бар мән-жайлардың ауқымын анықтамаған, уақытша басқарушының қорытындысын, сондай-ақ мүдделі тұлға К.-нің қолда бар салық берешегін ерікті түрде өтеу туралы өтінішін ескермеді.

Істі апелляциялық тәртіппен қарау барысында ЖШС-ның жаңа құрылтайшысы өз еркімен салық берешегін өтеді, яғни банкрот деп тануға негіз жоқ.

2) Шымкент қаласы МАЭС-нің 2020 жылғы 9 сәуірдегі шешімімен «М» ЖШС-ның банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

Апелляциялық сатының 2021 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен шешімнің күші жойылды, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды, өйткені соттың қорытындысы мерзімнен бұрын болып табылады, істің мән-жайларына және ұсынылған дәлелдемелерге қайшы келеді.

Салық органының қорытындысына сәйкес әдейі, жалған банкроттық белгілері бар. 2017 жылғы 16 ақпаннан 2018 жылғы 25 шілдеге дейінгі кезеңде борышкердің банктік шотынан өзге шығыстарға 790 147 000 теңге алынды, бұл оның төлем қабілеттілігін және салықтар бойынша берешекті өтеудің нақты мүмкіндігінің бар екендігін айғақтады.

Алқа ақша қаражаты контрагенттермен өзара есеп айырысу үшін пайдаланылды деген дәлелді, оның дәлелденбеуіне байланысты дәрменсіз деп таныды.

Сондай-ақ қорытындыға сәйкес «П» талдамалық есебінің деректері бойынша жеткізушілер мен сатып алушылар бойынша сәйкессіздіктер бар. Банкроттық туралы іс қозғалғаннан кейін ҚҚС бойынша қосымша декларациялар ұсынылды. МАЭС-нің заңды күшіне енген шешімдерімен (3 шешім) Серіктестік пен «Ц» ЖШС арасындағы жалпы сомасы 226 941 101 теңгеге мәмілелер жарамсыз деп танылды.

3) Түркістан облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен «Т» ЖШС-ның банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

Сот борышкерді қаржылық орнықтылықтың III сыныбына жатқызу туралы уақытша басқарушының қорытындысын назарға алды. Кредиторлар алдындағы берешек 21 445 049 теңгені, оның ішінде салық бойынша - 18 895 149 теңгені, ДК «К.-нің» алдында - 2 549 900 теңгені құрады.

Апелляциялық алқаның 2021 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен шешімнің күші жойылды, өтініш қанағаттандырудан бас тартылды.

ДК «К» борышкерге қандай да бір талап қоймағаны, салықтар бойынша берешек салықтық тексеру нәтижелері бойынша пайда болғаны анықталды.

Бұл ретте, салық берешегі туралы хабарлама 2021 жылғы 18 наурызда қойылды (сотқа өтініш бергеннен кейін); хабарламаны орындау үшін мерзімдер болды; салық органы салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдады.

Сонымен қатар борышкер салықтық тексеру нәтижелерін алғанға дейін сотқа жүгінді, ал Салық кодексінің 121-бабына сәйкес банкроттық туралы іс қозғау мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын жоюшы еді.

Сондай-ақ іс өтініш беруші - борышкердің өзі болмаған кезде қаралды, ал іс оның қатысуымен қаралуға тиіс, борышкер сот отырысына келмеген кезде – мәжбүрлеп әкелу туралы ұйғарым шығарылып қаралды.

4) Солтүстік Қазақстан облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 5 ақпандағы шешімімен «Т» ЖШС-ның «Аветис компаниясы» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляцияның 2020 жылғы 27 мамырдағы қаулысымен шешімнің күші жойылды, іс мүдделі тұлғаларды (11 кредитор) тартпауына байланысты жаңа қарауға жіберілді.

Жаңа қарау кезінде 2020 жылғы 18 тамыздағы шешіммен сот өтінішті қанағаттандырудан бас тартты.

2020 жылғы 28 қазанда апелляциялық алқа шешімнің күшін жойды, өйткені сот қорытындылары іс бойынша белгіленген мән-жайларға қайшы келеді, қолданыстағы заңнаманың нормалары дұрыс қолданылмаған.

Мәселен, уақытша басқарушы акт емес, борышкердің қаржылық жағдайы туралы қорытынды жасады, онда екі негіз де: есептік құжаттамаға қол жеткізбеу және өтініш берушіден басқа кредиторлардың болмауы бірдей көрсетілген.

Уақытша басқарушы басқа кредиторлардың жоқтығы туралы тұжырымын оған ешкім өз талаптарын айтпағандығымен ғана негіздеді. Бірінші сатыдағы сот бұл тұжырымды банкрот деп танудан бас тарту үшін жеткілікті негіз деп санады, алайда уақытша басқарушы борышкердің есептік құжаттамасына қол жетімділіктің жоқтығын да ескермеді, бұл кредиторлардың болуы немесе болмауы фактісін анықтау мүмкіндігін жоққа шығарады.

Борышкер уақытша басқарушының бірнеше рет жазбаша талаптарына есептік құжаттаманы ұсынбағандықтан және себебін көрсетпегендіктен, сот іс материалдарындағы дәлелдердің негізінде дауды шешуге мәжбүр болды. Алайда сот кредиторлардың тізімдеріне және борышкердің өзі ұсынған кредиторлық берешек туралы мәліметтерге, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарынан сұратылған өнім берушілер бойынша мәліметтерге баға бермеген.

Сот жаңадан қараған кезде 11 кредитордың барлығы істі қарауға тартылды және хабардар етілді, бұл ретте сот өтініш берушіден басқа кредиторлардың жоқтығы туралы негізсіз қорытынды жасаған.

Борышкердің дәлелдері бойынша кредиторлық берешек (421 057 510 теңге) бухгалтерлік есепте көрсетілген, алайда кредиторлардың өздері оны ескіру мерзімінің өтуіне байланысты күмәнді деп есептен шығарған, ал борышкер өз қызметін тоқтата тұруға байланысты ғана есептен шығармаған.

Сонымен қатар берешекті есептен шығаруды растайтын дәлелдемелер ұсынылмаған. Осы кредиторлардың оларды тізілімге енгізу туралы талаптарды қоймауы кредиторлық берешектің болуын жоққа шығармайды, өйткені кредиторлар банкроттық рәсімінде өз талаптарын қоюға құқылы. Істі қарау барысында уақытша басқарушыға өз талаптарын қоймаған өтініш беруші де осындай құқыққа ие.

Істі қарау кезінде өзекті болып табылатын салық есептілігінде (жылдық жиынтық табыс туралы декларацияда) мәліметтер болмаған, өйткені оны ұсыну 2017 жылғы 1 шілдеден бастап тоқтатылған.

Сот «П» салық органының мәліметтеріне баға бермеген. Борышкердің дебиторлық берешектің болуы туралы дәлелдері ештеңемен расталмаған, бастапқы құжаттар ұсынылмаған.

Бұл жағдайда Үкіметтің мораторий енгізу туралы қаулысы қолданылмайды, өйткені кредитор өтінішті 2019 жылғы 27 қарашада берген, бұл ретте өтініш беруші мемлекеттік орган немесе квазимемлекеттік сектор субъектісі емес.

5) Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-нің 2022 жылғы 17 наурыздағы шешімімен салық органының 2020 жылғы 15 қаңтардағы камералдық кедендік тексеру барысында анықталған 23 960 173 теңге мөлшерінде салық міндеттемесін орындау дәрменсіздігі мен мүмкін еместігіне байланысты «NAK Beton Products» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

Борышкер 7 жылдан астам уақыт бойы қызметті жүзеге асырмағанына, қандай да бір өнімді экспорттамағанына немесе импорттамағанына сілтеме жасай отырып, өтінішті қанағаттандыруға қарсылық білдірді, сондықтан кедендік төлемдер бойынша берешектің қалыптасуы негізсіз болып табылады, оған берешектің бар екендігі туралы іс қаралған кезде ғана белгілі болды.

2022 жылғы 10 тамыздағы апелляция қаулысымен шешім өзгеріссіз қалдырылды, өйткені салық органы Қазақстан Республикасына тауарларды әкелу, сондай-ақ олардың дұрыс декларацияланбауы және салықтардың дұрыс төленбеуі, камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша салықтарды қосымша есептеу туралы ұсынылған хабарлама туралы хабардар болуы және оған осы уақытқа дейін дау айтпауы, өтініш берушінің Салық кодексінде көзделген оларды өндіріп алу шараларын қабылдауы және борышкердің дәрменсіздігі салдарынан осы шараларды іске асыру мүмкіндігінің болмауы туралы дәлелдемелерді ұсынды.

Апелляциялық шағымды қарау кезінде ЖШС кредитордың талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігін немесе оның дәлелдерінің негізсіз екендігін дәлелдеген жоқ.

б) Маңғыстау облысы МАЭС-нің 2022 жылғы 4 ақпандағы шешімімен «Л» ЖШС-ның «С» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды. Сот ұйғарымымен борышкерге оңалту рәсімін қолданудан бас тартылды.

2022 жылғы 5 сәуірдегі апелляциялық қаулымен ЖШҚ-ның банкрот деп тану туралы өтінішін қарағанға дейін, борышкердің осындай өтінішпен жүгінуіне қарамастан, сот оңалту рәсімін қолдану туралы мәселені шешпеуіне байланысты банкроттық туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартылып, шешімнің күші жойылды.

Бірінші сатыдағы соттың ЖШҚ-ның өтінішін қанағаттандыруына: оңалту рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату фактісі (оның күші жойылды), сондай-ақ уақытша басқарушы Т.-ның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі анықталған қорытындысы негіз болды.

Сонымен қатар уақытша басқарушы Т.-ның қорытындысы Заң талаптарын бұза отырып жасалғаны және шешімнің негізіне алынбағаны анықталды.

Іс материалдарында ұсынылған және зерделенген қаржылық/бухгалтерлік құжаттарды ескере отырып жасалған және активтердің жалпы сомасы 86 579 160 теңгеге жеті банктік кепілдіктің, әрқайсысының шекті сомасы 321 436 514 теңге және 500 000 840 теңге мөлшерінде белгіленген екі келісімшарттың болуын куәландыратын уақытша басқарушы К.-нің керісінше қорытындысы бар.

Апелляциялық сот атап өткендей, бұл 2020-2021 жылдар аралығында борышкердің пандемияға және оның салдарына байланысты міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмаған кезде туындаған төлемге қабілетсіздігін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігін көрсетеді.

Әдейі банкроттық белгілері бірінші сатыдағы сот актісінің күшін жоюға негіз болды.

1) МАЭС-тің 2021 жылғы 23 маусымдағы шешімімен «С» ЖШС-ның (Каспиан Маркет) банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

2021 жылғы 29 қыркүйектегі апелляциялық қаулымен шешімнің күші жойылды.

Серіктестіктің кредиторлар алдында 519 746 191 теңге сомасында, оның ішінде банктік қарыз шарты бойынша 410 791 817 теңге сомасында берешегі бар екені анықталды. Уақытша басқарушының қорытындысы бойынша борышкердің салықтар бойынша берешегі жоқ, қаржылық орнықтылықтың III сыныбына жатады, осыған байланысты оны банкрот деп тануға негіз бар.

Кредитор «С» ЕБ АҚ серіктестіктің жалғыз қатысушысы мен директорының әрекеттерінде әдейі банкроттық белгілері бар екенін атап өтті.

Мәселен, борышкердің 2021 жылғы 21 сәуірдегі өтінішін қарағанда, серіктестіктің 190 830 180 теңге сомасында кредиторлық берешегі бар, дебиторлық берешегі жоқ.

Сонымен қатар 2021 жылдың ақпан және наурыз айларында өтініш беруші айналым қаражатын толықтыру мақсатында «С» ЕБ АҚ-да 226 500 000 теңге сомасында 24 қарыз алғаны анықталды. Бұдан басқа, 2021 жылғы 10 наурызда серіктестік «К» АҚ-да 43 100 000 теңге сомасында кредит алған.

Яғни, басқа кредиторлар алдындағы 108 954 374 теңге мөлшеріндегі берешек алынған қарыз қаражатынан өтелуі мүмкін, бұл жасалмаған.

Серіктестік өз өтінішінде бұл деректерді көрсетпеді және барлық қажетті құжаттарды қоса бермеді. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы және оның директоры Ф. 269 600 000 теңге сомасында қарыз алып, кредитті қайтаруға мүдделі болмады, өйткені ол дереу сотқа серіктестікті банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінді.

Борышкердің төлемге қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі туралы соттың қорытындылары істің нақты мән-жайларына сәйкес келмейді және мерзімінен бұрын болып табылады.

1) Қостанай облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен салық органының «Қ» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

2021 жылғы 25 ақпандағы апелляциялық қаулымен шешімнің күші жойылып, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Салық органы жалғыз кредитор болып табылатыны анықталды, берешек 2020 жылғы 6 ақпандағы салықтық тексеру актісі бойынша қалыптасты. Салық берешегін өтеу туралы хабарлама 2020 жылғы 29 шілдеде қойылып, борышкерге 2020 жылғы 4 қарашада табысталды.

Борышкерді банкрот деп тану туралы өтініш сол күні бір уақытта берілді. Бұл ретте, мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану туралы дәлелдемелер ұсынылмаған.

Сонымен қатар бұл әрекеттер банктік шоттардағы ақша есебінен өндіріп алу және дебиторлардың шоттарынан өндіріп алу сияқты шараларды қолдану мүмкіндігін жоққа шығарады.

Өтініш берген кезде салық органы борышкердің 2019 жылғы және 2020 жылғы 9 айдағы салық есептілігіне талдау жүргізбеген.

Борышкер ұсынған мәліметтерден оның 2019 және 2020 жылдары қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырғаны, банктік шоттардан салық төлегені анықталды.

Осылайша, салық органының борышкердің дәрменсіздігі мен төлемге қабілетсіздігі туралы дәлелдері және соттың тиісті қорытындылары негізсіз және мерзімінен бұрын болып табылады.

2) Қостанай облысы МАЭС-тің 2021 жылғы 19 тамыздағы шешімімен салық органының «Т» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

Апелляцияның 2021 жылғы 18 қарашадағы қаулысымен сот қорытындыларының істің мән-жайларына сәйкес келмеуіне байланысты шешімнің күші жойылды.

Өтініш салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алудың қабылданған шараларының нәтижесіздігіне негізделген. Бұл ретте ауыртпалықтардың (жеке сот орындаушылары салған тыйым салулар) бар болуына байланысты тізімге алынған мүлік сауда-саттыққа қойылмаған.

Сонымен қатар салық органы борышкердің дебиторлардың тізімін ұсынбауын көрсетумен шектелді. Бұл ретте дебиторларды анықтау мақсатында ақпараттық жүйенің деректерін пайдалану құқығын іске асыру туралы мәліметтер ұсынылмаған.

Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін өткізу есебінен өндіріп алу тәртібі Салық кодексінің 123-бабында белгіленген. Өтініш беруші мүліктің тізімдемесін жасауды және борышкердің заңды мекенжайы бойынша болмауын көрсетумен шектеліп, осы тәртіптің сақталуына дәлелдер келтірмеді.

Өз дәлелдерін негіздеу үшін өтініш беруші 2019 жылғы 31 қаңтардағы шешімді және 2020 жылғы 22 маусымдағы тексеру актісін табыс етті, олар бұрын салық органының осыған ұқсас өтініші бойынша ұсынылған болатын. МАЭС-тің 2021 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен салық органы Салық кодексінің 122-124-баптарында көзделген барлық шараларды қабылдамауына байланысты борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартқаны анықталды.

Осылайша, салық берешегін өндіріп алу бойынша шаралар қабылдау туралы ұсынылған дәлелдер формальді болып табылады және 2021 жылғы

15 сәуірге дейін, яғни сотқа алғаш жүгінген кезде борышкерді банкрот деп танудан бас тартқанға дейін орын алды.

Бұдан басқа, сот «F» АҚ және «K» АҚ кредиторларының сот шешімін орындау шеңберінде борышкер мен үшінші тұлғалардың берешекті өтеуі туралы дәлелдеріне баға бермеген.

Борышкерден банкроттің пайдасына берешекті өндіріп алу туралы соттардың шешімінің орындалуына қарамастан, борышкерге көлік құралдарына меншік құқығы және нарықтық құны анықталмаған жер учаскелеріне жер пайдалану құқығы, сондай-ақ олардың кепілдегі жай-күйі тіркелген күйінде қалатыны анықталды.

Борышкердің дәрменсіздігі қатыстылығы, жарамдылығы мен анықтығы дәлелдемелерінің жиынтығымен расталмады

1) Ақмола облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 9 ақпандағы шешімімен «А» ЖШС-ның банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

2021 жылғы 18 мамырдағы апелляциялық қаулымен шешімнің күші жойылып, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Негіз:

Уақытша басқарушы күші жойылған нысан бойынша борышкердің қаржылық жағдайы туралы қорытынды ұсынды.

Бірінші сатыдағы сот уақытша басқарушының қорытындысының негізінде және борышкер дәлелдеме ретінде ұсынбаған, растайтын есепке алу құжаттамасын тексермей дебиторлық берешектің жоқтығын көрсетті.

2) Ақмола облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен «Ұлттық коллекторлық агенттік» ЖШС-ның «Г» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

Апелляцияның 2022 жылғы 30 наурыздағы қаулысымен сот шешімнің күші жойылды.

Негіз:

Сот кепіл мүлкін бағалау нәтижелерін назарға алды, ал борышкердің басқа мүлкі да бар. Бұдан басқа бағалау туралы есептерде бұрын сатылған мүлік көрсетілген.

Борышкердің құрылтайшысы ұсынған бағалау туралы есептерге сәйкес ЖШС мүлкінің жалпы құны 788 841 000 теңгені құрады.

Уақытша басқарушы кредиторлар талаптарының тізілімін жалпы сомасы 316 093 515 теңгеге қалыптастырды және қаржылық орнықтылық туралы қорытынды жасау мүмкін еместігі туралы акт жасады. Сонымен қатар бастапқы құжаттардың бір бөлігі «Г» ЖШС кеңсесін тінту барысында алынып, қылмыстық іс материалдарында екені анықталды.

Бұдан басқа, атқарушылық іс жүргізу шеңберінде талаптарды қанағаттандыру мүмкіндігі бар.

Салық органы дебиторлық берешекті белгілеу және салық берешегін өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізген жоқ

1) Ақмола облысы МАЭС-нің 2022 жылғы 30 наурыздағы шешімімен салық органының «Е» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.

2022 жылғы 16 маусымдағы апелляциялық қаулымен шешімнің күші жойылды және өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім қабылданды.

Негіз:

Бұрын 2021 жылғы 8 қыркүйектегі заңды күшіне енген шешіммен салық органы салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алуға тиісті шаралар қолданбағандықтан, осыған ұқсас өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Салық органы борышкердің нақты орналасқан жерін салықтық тексеру актілерін жасай отырып, қайталама сапарлар өткізбегені анықталды; бұрын алдыңғы азаматтық істің материалдарына тіркелген актілер ұсынылды.

Қайта жүгінген кезде борышкердің кредитор алдындағы салық берешегінің сомасы және борышкер мүлкінің саны бойынша сәйкессіздіктер болады. Өтініш беруші дебиторлық берешекті белгілеу және дебиторлар есебінен салық берешегін өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізбеген.

Банкрот деп танудан бас тарту борышкердің жоқтығынан және оның қаржылық жағдайын зерделеудің мүмкін еместігінен туындайды

1) апелляциялық алқаның 2022 жылғы 15 ақпандағы қаулысымен өзгеріссіз қалған Ақтөбе облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 23 қарашадағы шешімімен «П» АҚ-ның «А» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды.

Жергілікті соттар серіктестіктің қаржылық жағдайын зерделеу мүмкін болмауына байланысты өтінішті қанағаттандырудан бас тартты.

Уақытша басқарушының актісіне сәйкес борышкердің тіркелген жері бойынша борышкердің болмауына байланысты борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасау мүмкін емес.

Өтініш беруші серіктестіктің лауазымды адамдарының орналасқан жері туралы жаңа мәліметтерді ұсынбаған. Борышкердің нақты орналасқан жері белгісіз. Осылайша, уақытша басқарушыға да, сотқа да сот отырысына қатысуы міндетті борышкердің қаржылық жағдайын зерделеу мүмкін болмады.

Кассациялық сатыдағы судьяның 2022 жылғы 30 мамырдағы қаулысымен «П» АҚ-ның аталған сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатын беруден бас тартылды.

Кассациялық практика

Соттардың осы санаттағы істерді дұрыс қарауы Қазақстандағы нарықтық қатынастардың дамуына тікелей әсер етеді.

Тексерілетін кезеңде кассациялық тәртіппен сот актілерінің күшін жоюдың және өзгеруінің негізгі себептері:

- іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберін дұрыс анықтамау және нақтыламау;

- шешімде (қаулыда) баяндалған тұжырымдардың істің мән-жайларына сәйкес келмеуі;

- материалдық немесе іс жүргізу құқығының нормаларын бұзу немесе дұрыс қолданбау.

Практикада соттар осы санаттағы істі қараудың процестік жағына мән бере бермейді.

Істерді қарау кезінде АПК-нің 15-бабының үшінші және төртінші бөліктерін басшылыққа алу керек.

Судьялардың сот актілерін жасауда формальді көзқарасы бар. Борышкерді банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану туралы шешімдерді бәрінде борышкердің қаржылық-шаруашылық жағдайы туралы егжей-тегжейлі талдау, сондай-ақ оның төлемге қабілетсіздігін немесе уақытша төлем қабілетсіздігін негізделген бағалау бола бермейді. Сот қолданған нормативтік құқықтық актілердің атаулары толық көрсетілмейді.

АПК-нің 35-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес оңалту рәсімі мен банкроттық рәсім шеңберінде туындайтын даулар бойынша істерді оңалту рәсімін қолдану (банкрот деп тану) туралы шешім шығарған сол судья қарайды.

Бұл ретте, егер мұндай шешімді бірінші (апелляциялық) сатыдағы соттың шешімі жойылғаннан кейін жоғары тұрған саты қабылдаса, осы рәсімнің барысында туындайтын дауларды қандай сот шешетінін заңнамалық түрде көзделмеген.

Мұндай жағдайда Заңның 67, 86-баптарында белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыру мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа (дұрыс шешім шығаруға тиісті бірінші сатыдағы сот) жүктелетіні дұрыс болып көрінеді. Осы мәселе бойынша кассациялық және апелляциялық практика бар

Бұл ретте, НҚ-да тиісті түсініктеме қажет.

Борышкердің орнықты төлем қабілетсіздігі туралы апелляциялық сатыдағы соттың қорытындылары істің нақты мән-жайларына сәйкес келмейді

1) «L» ЖШС 73 421 489 теңге сомасында мерзімі өткен салық берешегінің, банк алдындағы 2 475 498 993 теңге сомасында берешегінің

болуына сілтеме жасай отырып, банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Алматы облысы МАЭС-нің 2019 жылғы 10 шілдедегі шешімімен борышкердің сотта дәрменсіздігі дәлелденбегенін; өтініш беруші дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша тиісті түрде жұмыс жүргізбегенін; кредитор «Б» АҚ-ның атқарушылық іс жүргізу шеңберінде жұмыс жүргізіп жатқанын негізге алынып, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

2019 жылғы 26 қыркүйектегі апелляциялық қаулымен сот шешімнің күші жойылып, өтінішті қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды, өйткені өтініш берушінің төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі уақытша басқарушының қорытындысымен расталды.

Кассациялық сатының 2020 жылғы 3 наурыздағы қаулысымен апелляциялық қаулының күші жойылып, сот шешімі күшінде қалдырылды.

Негіз:

Өтініш беруші қаржылық-шаруашылық жай-күйі туралы қосымша мәліметтер бөлігінде өзінің дәрменсіздігінің дәлелдерін сотқа ұсынбаған; апелляциялық қаулыда серіктестіктің қаржылық-шаруашылық жай-күйі туралы егжей-тегжейлі талдау жоқ; оның төлем қабілетсіздігіне негізделген баға берілмеген.

2) Мирзо ДК «Б» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Сот ЖШС-ның 579 117 193 теңге мөлшерінде кредиторлық берешегі бар екенін анықтады, оның ішінде Мирзо ДК алдында – 3 432 278 теңге, бюджет алдында -121 017 105 теңге (2019 жылғы маусымда жүргізілген салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген) берешегі бар.

Уақытша басқарушының қорытындысы бойынша ЖШС төлемге қабілетсіз.

Павлодар облысы МАЭС-нің 2019 жылғы 6 қарашадағы шешімімен борышкердің төлемге қабілетсіздігі туралы нақты дәлелдемелердің болмауына және борышкер ұсынған қаржылық құжаттарда сәйкессіздіктердің болуына байланысты өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляциялық алқаның 2020 жылғы 14 қаңтардағы қаулысымен өтінішті қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарумен соттың шешімінің күші жойылды, өйткені борышкер төлемге орнықты қабілетсіз болып табылады; борышкердің өтелмеген кредиторлық берешегінің сомасы қолда бар активтердің құнынан 2 еседен асады; төлем қабілеттілігін қалпына келтіру перспективасы мүлдем жоқ.

Кассациялық сатының 2020 жылғы 13 қазандағы қаулысымен апелляциялық қаулының күші жойылды, сот шешімі күшінде қалдырылды.

Негіз:

Салық есептілігіне сәйкес борышкердің 2018 жылғы жылдық жиынтық кірісі 7 213 837 293 теңгені құрады; бухгалтерлік балансқа сәйкес кәсіпорынның 2018 жылы 4 093 239 895 теңге сомасында активтері болған; бақылау-касса аппараттарының көрсеткіштері 2018-2019 жылдардағы орнықты айналымдар туралы куәландырған; қолдағы бар жылжымалы және жылжымайтын мүлік туралы ақпарат толық көлемде тексерілмеген.

Жергілікті соттардың қорытындылары материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын дұрыс қолданбауға негізделген мерзімінен бұрын болып табылады

1) «П» АҚ «А» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгініп, борышкердің 2008 жылдан бастап банктік қарызды қайтару бойынша міндеттемелері орындалмайтындығын; 2020 жылғы 24 ақпандағы жағдай бойынша берешегі 5 884 870 АҚШ долларын құрағанын; серіктестіктің есеп айырысу шоттарында ақша қаражаты жоқ екенін дәлелдеді.

Апелляциялық сатыдағы сот күшінде қалдырған Алматы облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы шешімімен салық органының борышкерге қатысты мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін және мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қамтамасыз ету жөніндегі барлық тәсілдерді қолданбағанына (оның ішінде дебиторлар бойынша және борышкерлер бойынша тақырыптық салықтық тексеру жүргізілмегеніне) сілтеме жасай отырып, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды. Борышкер дәрменсіздігі туралы дәлелдерін растайтын қаржылық құжаттарды ұсынбаған; кредитордың салықтар бойынша өтінішіне оның әкімшілік шығыстарын өтеу туралы өтінішхат қоса беріледі, оны өтініш беруші ұсынбаған.

Кассациялық алқаның 2021 жылғы 3 тамыздағы қаулысымен сот актілерінің күші жойылып, іс апелляциялық сатыға қайтадан қарауға жіберілді.

Негіз:

- шешімді орындау шеңберінде кепіл мүлкін сату бойынша шаралар қабылданды, сонымен бірге атқарушылық құжат орындаусыз қайтарылды;
- іс бойынша өтініш беруші (Қор) салық бойынша кредитор болып табылмайды, осыған байланысты Заңның 45-бабының талаптары қолданылмайды және, бұдан басқа, бұл норма алып тасталды;

- соттар банкроттық рәсімді қозғамай борышкерді тарату тәртібін реттейтін заң нормаларына сілтеме жасады, ал Қор банкроттық рәсімді қозғай отырып, серіктестікті банкрот деп тану туралы сотқа өтініш берді;

- соттар сілтеме жасаған Заңның 57-бабы да алынып тасталды;

- борышкер міндеттемелерін 2008 жылдан бастап орындалмай келе жатқанына құқықтық баға берілмеген, заңды мекенжайы бойынша ол жоқ, жіберілетін хабарламалар мен хаттарға жауап бермейді;

- басқа кредиторлардың болуы немесе болмауы туралы мәселе нақтыланбаған, төлем қабілеттігі мен жұмыс істеу жай-күйін жақсарту және сауықтыру үшін активтер мен мүмкіндіктер (алғышарттар) бойынша талдау жүргізілмеген.

Жаңадан қаралған кезде апелляцияның 2021 жылғы 7 қазандағы қаулысымен өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Борышкердің кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігіне, оның ішінде іс материалдарында елеулі маңызы бар құжаттардың болмауына байланысты тиісті баға берілмеген

1) «S» ЖШС «G» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгініп, өтінішінде мұнайды өткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамау салдарынан туындаған 112 792 710 теңге мөлшеріндегі берешектің болуына, бұл салыстыру актісімен расталатынына уәж келтірген.

Алматы қаласы МАЭС-нің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен өтініш қанағаттандырылды, өйткені өтініш беруші мен уақытша басқарушы ұсынған құжаттардан борышкердің кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі анықталды.

Апелляциялық сатының 2021 жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен шешім өзгеріссіз қалдырылды.

Жоғарғы Сот апелляциялық қаулының күшін жойып, істі қайтадан қарауға жіберді.

Негіз:

«G» ЖШС жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың негізінде көмірсутек шикізатын барлау жөніндегі қызметті жүзеге асырғаны анықталды. Бұл ретте, ЖШС ұзақ мерзімді активтерге (11,3 млрд. теңге), оның ішінде дебиторлық берешекке ие; өндірістік қызмет 2020 жылдың шілде айының соңына дейін жүзеге асырылды; банкроттыққа қарсы шыққан кредиторлар талаптарының мөлшері кредиторлар талаптарының жалпы сомасының басым бөлігін құрайды; келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының 48,6 млрд. теңге сомасында бағасы бар.

Алайда соттар бұл бағалауды аяқталмаған құрылыс объектісін (2,7 млрд.теңге); ажырамас жақсартуларының құнын (3 млрд. теңге), сондай-ақ борышкердің өндіріп алу кезеңіне өту кезінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру қабілетін ескермеді.

Бұдан басқа, соттың іс жүргізу заңнамасының нормаларын бұзғаны (оның ішінде іс материалдарында елеулі маңызы бар құжаттардың болмауы) анықталды.

Жаңа қарау нәтижелері бойынша апелляцияның 2021 жылғы 1 қыркүйектегі қаулысымен МАЭС шешімнің күші жойылды, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Жоғарғы Сот судьясының 2022 жылғы 11 сәуірдегі қаулысымен сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат беруден бас тартылды.

Сот қолдануға жататын материалдық құқық нормаларын қолданбаған, қорытындылар «оңалту және банкроттық туралы» Заңның күші жойылған нормаларымен негізделген.

1) «Қоныс спорт сарайының мүліктік кешені» ЖШС сотқа уақытша төлем қабілетсіздігіне, кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындау мүмкіндігінің болмауына байланысты оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүгінді.

Апелляциялық алқаның 2022 жылғы 18 қаңтардағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Ақтөбе облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот кредиторлық берешектің 212 687 397 теңгені, оның ішінде салықтар бойынша - 3 804 413 теңгені, «Қ» СК ЖШС алдында - 130 792 984 теңгені, Бережная ДК алдында - 78 090 000 теңгені құрайтынын анықтады.

Берешек COVID-19 пандемиясынан туындаған шектеулерге байланысты спорт нысандарын жалға беру мүмкін еместігі салдарынан пайда болды.

Соттардың өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға келтірілген уәжі бойынша борышкердің қаржылық-шаруашылық жағдайын және оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін егжей-тегжейлі талдаудың болмауы, сондай-ақ Серіктестік әрекеттерінің мүлікке өндіріп алу туралы сот актісін орындауды кейінге қалдыруға бағытталуы.

Кассациялық сатының 2022 жылғы 12 сәуірдегі қаулысымен сот актілерінің күші жойылып, өтінішті қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Негіз:

Борышкер берген өтініш Заңның 41-бабының талаптарына сәйкес келеді. Уақытша әкімшінің қорытындысы бойынша борышкер қаржылық орнықтылықтың II сыныбына жатады. Оңалту рәсімін қолданудан бас тартуға әкелетін мән-жайлар жоқ.

Жергілікті соттар материалдық құқықтың қолданылуға жататын нормаларын қолданбай, НҚ ережелеріне сілтеме жасай отырып, өз тұжырымдарын күші жойылған Заң нормаларымен негіздеді.

2) МАЭС-тің 2021 жылғы 6 тамыздағы шешімімен «С» ЖШС-ның борышкер «Т» ЖШС-ға қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды. Апелляция-өзгеріссіз қалдырды.

Уақытша әкімшінің қорытындысына сәйкес «Т» ЖШС-ның кредиторлық берешегінің жалпы сомасы 2 183 753 650 теңгені, оның ішінде өтініш берушінің алдында - 1 332 080 767 теңгені, борышкер қызметкерлері - 154 119 816 теңгені, мердігер ұйымдар - 697 553 067 теңгені, салық берешегі - 35 555 795 теңгені құрады.

«С» ЖШС-ның алдындағы берешек 2013 және 2016 жылдары қалыптасты.

Бас тарту негіздемесі: өтініш беруші борышкердің берешек сомасын негіздейтін мәмілелердің нақты жасалғанын растайтын нақты дәлелдемелер ұсынбаған; өтініш беруші борышкерден туындаған берешекті өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеген.

Жеткізу шартын орындау арқылы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігі қабылданбады, өйткені сот орындаушылары қызметкерлердің талаптары бойынша теміржол тұйығы мен арнайы техникаға тыйым салды, борышкердің лицензияларының, рұқсаттарының және арнайы құқықтарының қолданылуы тоқтатылды.

Жоғарғы Соттың 2022 жылғы 1 наурыздағы қаулысымен іс бойынша өткен сот актілерінің күші жойылды, іс апелляциялық сатыдағы соттың қайтадан қарауына жіберілді.

Негіз:

Соттардың қорытындылары қолданылмайтын, күші жойылған заң нормаларына негізделген. Соттың оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешім қабылдауы үшін негіздердің тізбесі толық болып табылады.

Соттың мәлімделген талаптардың мерзімінен бұрын болуы туралы қорытындылары істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге және олардың жиынтығында ұсынылған дәлелдемелерді талдауға негізделуге тиіс.

1) «Қ» ЖШС орнықты төлемге қабілетсіздігін, кредиторлар алдында жалпы сомасы 5 836 899 303 теңгеге берешегінің бар екендігін көрсете отырып, банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінді.

Апелляцияның 2022 жылғы 17 наурыздағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Алматы қаласы МАЭС-нің 2021 жылғы 30 қарашадағы шешімімен өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот талаптардың мерзімінен бұрын мәлімделгендігін негізге алған, өйткені ірі дебитор «А» ЖШС-ның дебиторлық берешекті қайтару бойынша банкроттық рәсімі аяқталмаған. ЖШС-да кредиторлық берешектің болуы борышкерді банкрот деп тану үшін, сөзсіз, негіз болып табылмайды.

Кассацияның 2022 жылғы 28 маусымдағы қаулысымен сот актілерінің күші жойылып, өтінішті қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Негіз:

Серіктестіктің төлемге қабілетсіздігі орнықты болып табылатыны, дәрменсіздігі уақытша басқарушының қорытындысымен расталғаны, дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкіндігі алынып тасталғаны анықталды.

2) «П» АҚ сотқа «Т» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Сот «Ц» АҚ 2014-2015 жылдары үш компания - «Айыртау мұнай базасы» ЖШС-ға, «А» ЖШС-ға, «Г» ЖШС-ға жалпы сомасы 82 млн. теңгеге кредит қаражатын бергенін анықтады.

«Т» ЖШС 2017 жылғы 17 қаңтарда заңды тұлға ретінде тіркелген, кейін қатысушылар құрамының, басшысының, орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты бірнеше рет қайта тіркелді.

2017 жылғы 22 ақпанда жоғарыда аталған компаниялардан банктік қарыз шарттары бойынша міндеттемелер Серіктестікке ақша кепілі туралы шарттарды қамтамасыз ету ретінде (жинақ шотында сақталатын және болашақта түсетін) ұсына отырып аударылды.

2018 жылғы 25 қыркүйекте Қор банктен борышкерге қатысты талап ету құқығын сатып алды және соттың 2019 жылғы 23 тамыздағы шешімімен «Т» ЖШС-дан өтініш берушінің пайдасына жалпы сомасы 35 933 238 681 теңге берешек өндіріп алды. Сот шешімі орындалмады.

Борышкердің төлемге қабілетсіз екендігіне, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырмайтындығына сілтеме жасай отырып, Қор оны банкрот деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Апелляцияның 2022 жылғы 6 сәуірдегі қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-нің 2022 жылғы 11 қаңтардағы шешімімен өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Осы соттың жекеше ұйғарымымен Серіктестікке қатысты анықталған фактілер туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы

мониторингі комитетінің Экономикалық тергеу қызметінің назарына жеткізілді.

Жергілікті соттар өздерінің қорытындыларына мынадай уәж келтіріген: борышкердің қаржы-шаруашылық қызметі және бастапқы бухгалтерлік құжаттамасы туралы мәліметтер жоқ; есеп айырысу шоттарында ақша қаражатының қозғалысын тексеру бойынша жұмыс тиісті түрде жүргізілмеген; төлем қабілетсіздігінің себебі анықталмаған; борышкердің және басқа не болуы мүмкін кредиторлардың (оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің) пікірі нақтыланбаған, бұл оның дәрменсіздігі туралы мәселені шешуге әсер етеді.

Кассациялық сатының 2022 жылғы 5 шілдедегі қаулысымен аталған сот актілері күшінде қалдырылды.

Негіз:

Бірінші сатыдағы сотқа ұсынылған дәлелдемелер борышкердің төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігін ресми түрде растайтынымен келісе отырып, сот алқасы бұл жағдайда қарыздың туындау жағдайлары назар аударуға тұрарлық екенін көрсетті.

Борышкердің Қор алдындағы берешегі оған бастапқы қарыз алушылардың борышын аудару нәтижесінде ғана қалыптасқаны сенімді түрде анықталды.

Сонымен қатар борышты аударудан бір ай бұрын құрылған Серіктестікке шамамен 36 млрд. теңге көлемінде борышты аударудың негізділігі; оның сол кездегі қаржылық орнықтылығы, берешекті өтеу бойынша кепілдіктердің болуы; борышты аударуға рұқсат беру жөніндегі Банктің іс-қимылдары, сондай-ақ активтерді өтеулі сатып алу жөніндегі Қордың іс-қимылдарының заңдылығы туралы тиісті мәліметтер жоқ (борышкерге қатысты борыш талап ету құқығы).

Осылайша, кредиттерді алу және оларды аудару кезінде әдейі банкроттық немесе алаяқтық әрекеттер мәселесі шешілмеген. Жоғарыда аталған мәселелерді анықтау Серіктестікті банкрот деп тану туралы мәселені шешу үшін айтарлықтай маңызға ие.

Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымдары бойынша қайта қарау

1) Салық органы оңалту рәсімін тоқтату және «V» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Апелляция 2020 жылғы 19 мамырдағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Маңғыстау облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 16 қаңтардағы шешімімен өтініш қанағаттандырылды.

Бұдан бұрын «V» ЖШС салық басқармасының талабы бойынша 2017 жылғы 20 желтоқсандағы сот шешімімен банкрот деп танылғаны анықталды. Банкроттық рәсімнің мерзімі 2019 жылдың ақпанына дейін ұзартылды.

Кейін осы соттың 2019 жылғы 11 қаңтардағы шешімімен борышкердің банкроттық рәсімді тоқтату және оңалту рәсімін қолдану туралы өтініші бес жыл мерзімге қанағаттандырылды. Салық органы (жалғыз кредитор) алдындағы кредиторлық берешекті өтеу кестесі белгіленді.

Соттар ЖШС-ны қайтадан банкрот деп тани отырып, өтеу кестесі 2019 жылдың шілдесінен бастап орындалмайтынын, ақша қаражаты мен мүлкінің жоқтығын, дебиторлық берешектің болмағанын негізге алған.

Сонымен қатар борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және 139 702 161 теңге сомасында салықтар бойынша берешекті өтеу мүмкіндігі туралы дәлелдері, атап айтқанда: құм-қиыршық тас қоспасын және саз балшықтарды өндіруге арналған келісімшарттың, қоспаны жеткізу бойынша құрылыс компанияларымен келісімшарттардың болуы тексерілмеген.

Сонымен қатар борышкерге қатысты 2024 жылға дейінгі мерзімге оңалту қолданылды, оңалту жоспары жасалды, алайда соттар оңалту жоспарының қаншалықты орындалғанын немесе оны орындамау себептерін анықтамаған.

Осыған байланысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша іс апелляциялық сатыдағы сотқа жаңа қарауға жіберіліп, сот актілерінің күші жойылды.

Жаңа қарау нәтижелері бойынша 2022 жылғы 8 ақпандағы апелляция қаулысымен салық органының өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды.

2) «Б» ЖШС банкроттық басқарушысы А.-ға субсидиарлық жауаптылыққа тарту және 3 111 749 теңге сомасын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Апелляцияның 2021 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Ақмола облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен талап қоюлар қанағаттандырылды.

А.-ның 2014 жылғы шілдеден бастап серіктестіктің құрылтайшысы және басшысы болғаны анықталды.

2019 жылғы 3 шілдеде борышкер банкрот деп танылды.

Жергілікті соттар талапты қанағаттандыра отырып, серіктестіктің лауазымды адамының банкроттық туралы сотқа жүгінуді көздейтін заң талаптарын бұзуы оның банкроттық қарыздары бойынша субсидиарлық жауаптылыққа әкеп соқтыратынын көрсетті.

Алайда соттар АК-нің уақыт бойынша азаматтық заңнаманың қолданылуы туралы ережелерін ескермеген.

Азаматтық заң актісі қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастар бойынша АҚ-нің 4-бабының ережелеріне сәйкес, ол қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

2019 жылғы 27 желтоқсанда Заңға, егер лауазымды адам серіктестіктің төлемге қабілетсіздігінің басталғаны туралы лауазымды адам білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты ай ішінде серіктестікті банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну туралы талаптарды орындамаған жағдайда, борышкердің лауазымды адамының субсидиарлық жауаптылықта болу міндетін болдырмайтын өзгерістер енгізілді.

Осыған байланысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша іс апелляциялық сатыдағы сотқа жаңа қарауға жіберіліп, сот актілерінің күші жойылды.

Сот алқасы соттар шешім қабылдаған кезде Заңның жаңа редакциядағы 11-бабын басшылыққа алуы керек деген қорытындыға келді, онда борышкердің лауазымды адамының субсидиарлық жауаптылығы алынып тасталған.

Осыған ұқсас негіздер бойынша тағы екі іс бойынша сот актілерінің күші жойылды (21-11-3тт, 21-147-3тт).

3) «Қ» ААҚ-ның бұрынғы қызметкерлері индекстеуді ескере отырып, ұлғайтылған капиталдандырылған сомаларды кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізуден бас тарту туралы ААҚ банкроттық басқарушысының шешімінің күшін жою, бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарын тану міндетін жүктеу туралы талаптармен сотқа жүгінді.

2021 жылғы 14 қыркүйектегі апелляциялық қаулымен өзгеріссіз қалдырылған Жамбыл облысы МАЭС-нің 2021 жылғы 9 маусымдағы шешіміне талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Іс материалдары бойынша 2021 жылғы 12 ақпанда апелляциялық сатының ұйғарымымен «Қ» ААҚ-ның конкурстық іс жүргізуі қайта басталды.

Бірінші кезектегі кредиторлар ретінде талап қоюшылар ай сайынғы төлемдерді көбейту арқылы капиталдандырылған сомаларды индекстеу туралы талаптарды мәлімдеді, бұл ең төменгі жалақы өскенін, азық-түлік, дәрі-дәрмек және тауар бағасы өскенін көрсетті. Бұдан басқа, Еңбек министрлігі 2021 жылы 70 жасқа толған «Қ» ААҚ-ның біртекті кредиторларына төлемдер белгіледі.

Банкроттықты басқарушы Қаржы министрлігінің 2021 жылғы 15 наурыздағы хатына және 2021 жылғы 25 ақпандағы «Қ» ААҚ-ның бұрынғы қызметкерлеріне өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу есебіне тиесілі сомаларды төлеу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының хаттамасына сілтеме жасай отырып, талаптарды қанағаттандырудан бас тартты.

Соттар талап қоюдан бас тарта отырып, капиталдандырылған төлемдер (өтемақы) сомасы индекстеуге жатпайтындығын негізге алды.

Жоғарғы Сот бұл тұжырымдармен келіспеді, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделмеген және АҚ-нің 47-тарауының жалпы нормаларына қайшы келеді.

Конкурстық басқарушының есебі мен тарату балансын бекіту кезінде 2003 жылы сот бітімгершілік келісімді назарға алғаны анықталды, оның шарттары бойынша бірінші кезектегі кредиторлардың берешегі толық көлемде өтелді. Алайда кейін бітімгершілік келісімді және конкурстық басқарушының есебін бекіту туралы ұйғарымдардың күші жойылды, яғни бірінші кезектегі кредиторлардың капиталдандырылған төлемдерінің мөлшері туралы мәселе шешілмеді.

Сонымен қатар сот «Қ» ААҚ бірінші кезектегі кредиторларының әрқайсысының капиталдандырылған төлемдерінің сомасы қандай екенін, талап қоюшыларға өткен кезең үшін қандай сома төленгенін, төленбеген соманың қалдығын анықтауы керек еді. Сондай-ақ 1999 жылғы 9 қаңтардан бастап бірінші кезектегі кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген күнгі кезеңдегі инфляция деңгейін ескере отырып, капиталдандырылған төлемдердің мөлшері туралы мәселені шешу қажет болды.

Осыған байланысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша іс апелляциялық сатыдағы сотқа жаңа қарауға жіберіліп, сот актілерінің күші жойылды.

Жаңа қарау нәтижелері бойынша апелляциялық алқаның 2022 жылғы 5 шілдедегі қаулысымен талап қою қанағаттандырылды, банкроттықты басқарушыға бірінші кезектегі кредиторлардың ай сайынғы төлемдерінің талаптарын тану және жылдық инфляцияның болжамды деңгейі негізінде капиталдандырылған сомалардың қалдығын төлеу міндеті жүктелді.

4) Атырау облысы МАЭС-нің 2019 жылғы 28 маусымдағы шешімімен «В» ЖШС банкрот деп танылды.

Борышкер кредиторлар алдындағы берешекті жалпы сомасы 4 750 000 теңгеге өтеуге мүмкіндігі жоқ екенін атап өтті. ЖШС-ға мүлік тіркелмеген, оның дебиторлық берешегі жоқ.

Сот өтінішті қанағаттандыра отырып, уақытша басқарушының қорытындысына сілтеме жасап, ЖШС-ның төлемге қабілетсіздігі туралы дәлелдерімен келісті.

Кассациялық сот алқасының 2020 жылғы 12 қарашадағы қаулысымен Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша шешімнің күші жойылды және өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды, өйткені уақытша басқарушының қорытындысы дәлелді емес, борышкердің төлем қабілетсіздігін негізделген бағалау қамтылмаған.

Осыған ұқсас түрде осы салада тағы 3 шешімнің күші жойылды.

Қорытындылар

Қорыту көрсеткендей, талданатын санаттағы істерді соттар негізінен қолданыстағы материалдық және процестік заңнаманың талаптарын сақтай отырып, дұрыс қарайды және шешеді.

Судьялар істерді дұрыс шешуге қажетті шараларды қабылдайды және АПК-нің 223-226-баптарында, сондай-ақ «Сот шешімі туралы» НҚ-да көзделген сот шешіміне қойылатын талаптарды орындайды.

Шешімдерде істі шешу үшін маңызы бар мән-жайлар туралы қорытындыларды растайтын дәлелдер келтірілген.

Істерді қарау кезінде мерзімдерді бұзу анықталмаған.

Жалпы, соттарда қорытылған санаттағы істерді қарау бойынша бірыңғай құқық қолдану практикасы қалыптасты.

Сонымен қатар заң нормаларын қолдануда бірізділікті сақтамаудың жекелеген фактілері бар, оның ішінде соттар нақты істер бойынша ұқсас жағдайларда әртүрлі құқықтық баға береді.

Жол берілген бұзушылықтар жүйелі емес, іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберін анықтамауға; сот қорытындыларының істің мән-жайларына сәйкес келмеуіне, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға бірнеше рет өзгерістер енгізуге және соның салдарынан материалдық құқық нормаларын әртүрлі түсіндіруге байланысты.

Процестік нормаларды қолдануда қателіктер бар.

Соттар мыналарды ескеруі керек:

1) банкроттық туралы істі қарау борышкердің, кредиторлардың, уәкілетті органның, банкрот мүлкінің меншік иесінің, әкімшінің, өзге де мүдделі тұлғалардың (заңда көзделген жағдайларда – прокурордың) қатысуымен жүргізілуге тиіс;

2) істерді сот талқылауына дайындау тиісті түрде жүргізілуге тиіс;

3) сот шешімінде борышкердің қаржылық дәрменсіздігінің не дәрменділігінің дәлелдемелеріне талдау берілуге, өтінішті қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы соттың дәлелді ұстанымы баяндалуға тиіс;

4) борышкердің мүлкі мен ақшалай қаражатының жоқ екені туралы салық органы ұсынған құжаттар, сондай-ақ борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасау мүмкін еместігі туралы акт болған кезде салық органы ұсынған және борышкердің қаржылық орнықсыздығын растайтын ресми құжаттар негізге алынуы тиіс;

5) әрбір іске жеке көқарас болғаны жөн, іске қатысушы тұлғалар ұсынған дәлелдемелерді олардың жарамдылығы, дұрыстығы және жеткіліктілігі тұрғысынан мұқият тексеру қажет;

6) қорытылған санаттағы істерді қарау кезінде қолданыстағы заңнаманың нормаларын дұрыс қолдану және банкроттық және оңалту туралы заңнаманың басымдығын сақтау қажет;

7) «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» НҚ-ның қолданыстағы редакциясындағы түсіндірмелердің дау айтылға құқықтық қатынастарға қолдануға жататын материалдық құқық нормаларына сәйкестігін тексеру талап етіледі.

8) оңалту рәсімін қолдану туралы өтініштерді қанағаттандырудан, борышкерді банкрот деп танудан негізсіз бас тартуды және мәлімделген талаптарды қанағаттандырудан бас тарту үшін формальды негіздерді қамтитын тиісті шешімдер шығаруды практикадан алып тастауға құқылы.

Проблемалық мәселелер

Жоғарыда аталған құқық қолдану проблемаларынан басқа, Заңға өзгерістер енгізуді немесе НҚ-да түсіндіруді талап ететін өзге де мәселелер бар.

1) Борышкерлердің (кредиторлардың) төлемге қабілетсіздігі туралы жеткілікті және анық мәліметтерді ұсынбай, банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа бірнеше рет жүгінуі.

Заңда және НҚ-да борышкердің даусыз міндеттемелері көлемінің едәуір ұлғаюын, оның қаржылық-шаруашылық жағдайының айтарлықтай өзгеруін және т. б. түсіндіретін түсіндірмелер жоқ.

Ұсыныс: соттың осындай өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімі күшіне енгеннен кейін белгілі бір мерзім өтпей (мысалы, 1 жыл) көрсетілген өтінішпен борышкердің (кредиторлардың) сотқа қайта жүгінуіне заң жүзінде тыйым салу белгіленсін.

2) ірі борышкер кәсіпорындарды, сондай-ақ құрылтайшыларды (қатысушыларды) кредиторлар ретінде оңалту және банкроттық рәсімдерін қолдану туралы істер бойынша жүздеген заңды және жеке тұлғалар қатыса алады.

Соттар әр қатысушыға сот хабарламаларын жіберуге мәжбүр, бұл айтарлықтай сот шығындарына әкеледі.

Мұндай жағдайда барлық адамдарға сотқа шақырылатыны туралы хабарлау қажет пе?

Борышкерді оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғау туралы мәліметтерді уәкілетті органның ақпараттық порталында жариялау; әкімшілік шығыстарға шығындарды қоса отырып, әкімшінің БАҚ, сот және борышкердің веб-сайттары арқылы хабарлауы мүмкін.

Ұсыныс: заңмен қарастырыңыз немесе НҚ-да түсіндіріңіз.

3) Соттар практикада борышкерді мәжбүрлеп әкелу туралы Заңның нормаларын қолданбайды.

Ұсыныс: барлық борышкерлерге қатысты (кредитор өтініш берген жағдайда да, борышкер өтініш берген жағдайда да) НҚ-да осы норманың қолданылуын түсіндіру қажет.

4) Соттар салық органдарын кредиторлық берешек тізілімін қалыптастырудың дұрыстығына алдын ала тексеріс жүргізуге, сондай-ақ уәкілетті органның борышкер қаражатының қозғалысы (материалдық құндылықтардың болуы/болмауы) туралы соңғы үш жылдағы қорытындысын ұсынуға міндеттейтін норманы енгізуді ұсынады.

Бұл қорытынды болашақта банкроттықты басқарушыны мәмілелерді анықтау және борышкердің жауапты тұлғаларын жауаптылыққа тарту бойынша тиісті жұмыс жүргізуге міндеттейді.

5) Сот уақытша басқарушының қорытындысын іс бойынша басқа дәлелдемелермен салыстырудан басқа қалай бағалай алады? Сот есептеулердің дұрыстығын тексеруі керек пе?

Ұсыныс: осы есептеулердің дұрыстығын тексеруді және жалпы қорытынды жасауды уәкілетті органға тапсыруға болады.

6) Банкроттық туралы істі қозғау борышкер контрагентінің бастамасы бойынша банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін борышкер жасаған шартты орындаудан біржақты бас тарту үшін негіз болып табылмайды және осы Шарттың қолданылуын тоқтатуға әкеп соқпайды (Заңның 8-бабының 1-тармағы).

Алайда осы баптың 3-тармағына сәйкес банкроттықты басқарушы банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасалған шартты өзгертуге, бұзуға, орындаудан бас тартуға немесе оның жарамдылығына дау айтуға, кредиторлар комитетінің шешімі негізінде борышкер берген мүлікті қайтаруды талап етуге міндетті.

Банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасалған шарт заң шығарушы осы баптың 5-тармағында ерекшеліктерді айқындағанын ескере отырып, банкрот деп танылған борышкердің қызметін тоқтатуына байланысты кез келген жағдайда бұзылуға тиіс.

Ұсыныс: бұл нормалар НК-да түсіндіруді талап етеді.

7) Заңда мерзім өткеннен кейін оңалту рәсімін тоқтату көзделмеген.

Ұсыныс: Заңның 82-бабына тиісті толықтырулар енгізу.

8) Заңда оңалту және банкроттық өндірістер кезеңінде әкімшінің (уақытша және банкроттық басқарушының) еңбегін өтеуге мүмкіндік беретін тетік көзделген.

Алайда сот оңалту рәсімін қолданудан бас тарту немесе борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған жағдайларда әкімшілік шығыстарды өндіріп алу тәртібі регламенттелмеген.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
азаматтық істер жөніндегі сот алқасы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**
ресми басылым

БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
официальное издание

Басуға 25.11.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Қаріп түрі “Times New Roman”
Офсеттік басылым. Таралымы 1569 дана. Тапсырыс № 724.

Подписано в печать 25.11.2022 г.
Формат 60x84 ¹/₈. Шрифт “Times New Roman”
Печать офсетная. Тираж 1569 экз. Заказ № 724.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Байсейітова көшесі, 114/2.
Тел.: 37-70-74